

Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері





Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Эврика почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2, 13-7.



Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Г. Зейноллаева. Отбасы құндылығы мен дәстүрі.....	3
Қ. Мендыгарина. Наурыз – жыл басы.....	6
М. Негметова. Майдан майталманы – Мәлік.....	10
У. Тастемирова. «Көктем аруы» байқауы.....	14
Б. Ерменова. Асыл жандар.....	16
Р. Хафизова, Р. Юлдашева. Төрлет, Наурыз!.....	20
С. Кенжебекова. Алтын қақпа.....	24
Ж. Сексенбай. Жүйрік болсаң, озып көр.....	26
Ұ. Сұлтанова, Г. Шамарова. Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран!.....	29
Ж. Нурымгереева. Қазақ қызының қайсар бейнесі.....	31
Б. Калиева. Ұрпаққа өнеге болған ғасырдан асқан ғұмыр.....	34
Оқушылар шығармашылығы.....	35

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
6.04. 2026 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru
Сайт: www.pedagog-ltd

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – эл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Отбасы құндылығы мен дәстүрі

Сабақтың мақсаты:

1. Балаларды аналарға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейрімділікке сый-құрметке тәрбиелеу;

2. Балалардың өзін-өзін таныстыра білуге, өнерлерін көрсете отырып, ұлттық өнерді үйрету;

3. Әдептілікке, сыпайылыққа, сұ-



лулыққа, кішіпейілділікке, өнерге ұмтылған балаларды тәрбиелеу.

Көрнекілігі: гүлдер, нақыл сөздер.

Ардақты, сайысқа қатысушы жанұя мүшелеріне әділ бағасын беру үшін әділ қазылар алқасын сайлап

алуымыз керек. Әділ қазылар алқасына 3 кісі ұсынылып отыр.

Біздің сайысымыз 8 кезеңнен тұрады.

I кезең. «Мен қазақтың қызымын» (таныстыру);

II кезең. Білім мен дәстүр (қыздарға сұрақ-жауап);

III кезең. 1.«Өнерлінің қолы алтын, Өлеңшінің сөзі алтын» (әжелері келіндері мен немересін алып бірге жүн түтіп, шүйкелейді);

2. Аналарға сұрақ беріліп, тапсырма орындалады.

IV кезең. «Халық тәлімі – тәрбие бастауы» деп аталады (топтарға мақалдың жалғасын табу, ырым-тиым сөздер айтып мағынасын түсіндіру. Кем дегенде екеуден);

V кезең. «Шебердің қолы ортақ» (Тігілген кестені жалғастыру);

VI кезең. «Әжелердің жеңсік тағамы-ай.

Анамыздың дайындаған тамағын-ай» деп аталады.

(Үйден дайындалған қазақтың ұлттық тағамдары туралы айту);

VII кезең. Шашты сәндеу үлгісін көрсету;

VIII кезең. «Өнерліге өріс кең»
(өнер сайысы: ән, би, күй, өлең оқу)

Тәрбие сағаты өтілетін бөлмені
мерекеге лайық безендіру.

«Ананың көңілі балада, баланың
көңілі далада»

Ананды Меккеге арқалап барсаң
да, қарызынан құтыла алмайсың.

Мұғалім.

Құрметті әжелер, армысыздар,

Бәріңізде есен-саумысыздар.

Жиналыппыз сәтті күні бәріміз
де.

Үлкен кіші, жасыңыз, кәріміз де.

Төрлетіңіз қадірменді әжелер

Гүл-гүл жайнап біздің мынау тө-
рімізге.

Немере үшін ең мейірімді жан –
әже. Ақ сүт берген аналардың ана-
сы – әже. «Жан жүрегім, жарығым»
деп немересін, шөбересін жүрегіне
теңейтін де әже. Олай болса, қа-
дірменді қауым әжелердің ақ тілегі
тойға жиналған көпшілік үшін тә-
бәрік деп ойлаймын. Сол әжелердің
жолын біздерге берсе екен деп тілек
айтамын. Енді сіздерді бүгінгі са-
йысымызға қатысқалы отырған са-
йыскерлерімізді таныстыруға рұқ-
сат етіңіздер.

Мұғалім: Ендеше, осы байқауға
қатысатын оқушыларды ортаға ша-
қырайық.

1-кезең: «Мен – қазақтың ұрпағы-
мын». (Әрбір бала өздерін танысты-
рып шығады)

2-кезең: «Білім мен дәстүр» (сұ-
рақ-жауап)

Мұғалім:

Жас ару-жас ғұмырдың талғамы-
сың,

Қуантқан әрбір үйдің арманысың.
Дәл бүгін қанат қағып сыналарда,
Сан сұрақтан сүрінбей самғап
ұшқын, -дей келе сұрақ-жауап бөлі-
міне шақырамын. Конвертте жасы-
рылған сұрақтарды алып кезекпен
жауап бересіздер.

Мұғалім:

1. Жүннен жасалатын бұйым.
(Киіз)
2. Түйенің сүті. (Шұбат)
3. Сәндік бұйым жасайтын адам.
(Зергер)
4. Үйдің отағасы? (Әке)
5. Қыста жейтін малдың етін не
деп атайды? (Соғым)
6. Қазақ халқының ұлттық та-
ғамдарын ата. (Қазы-карта, жал-
жая, шұбат, қымыз, құрт, ірімшік,
жент, бауырсақ).
7. Қазақ қыздарының бас киімі.
(Сәукеле)
8. Ең құрметті, жанашыр адам.
(Ана)
9. Анаға байланысты мақал-мә-
тел айтып бер.
10. Қазақ халқының ұлттық ойын-
дары. (Күрес, аударыспақ, бәйге,
теңге алу)

II кезеңіміз

1. «Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын» деп атала-
ды.
2. Аналарға сұрақ беріліп, тапсыр-
ма орындалады.

«Жанұя» әні орындалады.

1. Қыздарымыз кесте тігіп, ұлдарымыз ою ойып болғанша сынып оқушыларының жыр-шумақтарын тындайық.

1-оқушы:

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана дейді жас сәби де жарқылдап.
Ана деген бәйтерегі өмірдің
Ана деген – алтын қазық, алтын бақ

Ана деген – асыл жандар бұлақ-тай

О, адамдар қадірлей біл ананы
Жат қылыққа ақыл-ойды тонат-пай

2-оқушы:

Той-тойлап дала мен қалаларым,
Мерекең құтты болсын аналарым.

Қаракөз қыз, абзал ана мерекесін,
Құттықтап жатыр міне балаларын

3-оқушы:

Әжемнің саясында ер жеттім мен
Аялы ақ бесікте тербетілген
Әжемдей ақ ниетті абзал жанды
Таппаймын айналсам да жер бетінен.

4-оқушы:

Әжем менің, жыр әжем

Шуағы мол нұр әжем

Ақ таяққа сүйеніп

Аман-есен жүр әжем.

Мұғалім: Қазақ халқының үлгі, тәрбие құралдарының бірі – тиым сөздер, мақал-мәтелдер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдеттен, жат пиғылдан, орынсыз қылық, те-

ріс мінездерден сақтандырады.

IV кезең. «Халық тәлімі – тәрбие бастауы» деп аталады (топтарға мақалдың жалғасын табу, ырым-тиым сөздер айтып мағынасын түсіндіру. Кем дегенде екеуден).

3-бөлім: «Шебердің қолы ортақ»

Мұғалім:

Шеберлерім өнер тамып қолынан,

Жаңылмаған ата-баба жолынан.

Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін,

Біз айтайық төрелігін соңынан.

Кезекті кесте тігу сайысына береміз.

VI кезең. «Әжелердің жеңсік тағамы-ай, Анамыздың дайындаған тамағын-ай» деп аталады. (Үйден дайындалған тағамдарының құрамы туралы айту).

Мұғалім:

Әже мерейі күн көзімен пара-пар,
Тұла бойға қуат беріп таралар.

Өмірімізге шуақ шашып әрқашан,

Көп жасаңыз, ақ ниетті әжелер,
- дей отырып бүгінгі сайысымызға қатысқан аяулы асыл әжелерімізге көп рахмет айтамыз. Сіздердің үлгі-өнегелеріңізді өскелең ұрпақ жалғастырады деп айтуға болады.

**Гүлден Талғатқызы
ЗЕЙНОЛЛАЕВА,**

**№9 орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.**

Қостанай қаласы

Наурыз – жыл басы

Мақсаты: 2-сынып оқушыларына наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** нақыл сөздер, суреттер, ұлттық тағамдар, ұлттық бұйымдар, магнитофон, шарлар, гүлдер. **Өтілу барысы:**

Кіріспе.

Мұғалім:

- Армысыздар, ұстаздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты болсын, тілектеріңіз қабыл болсын!

Наурыз – көктем мерекесі. Наурыз – жыл басы. Наурыз – жаңа серпін, жаңа леп.

Наурыз – қуаныш мерекесі, Бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – шаруаның мерекесі. Наурыз – еңбек мерекесі.

Армысындар, халайық, Бармысындар, халайық. Наурыз тойын жұп жазбай Жылда қарсы алайық.

Ал, халайық, тұрмайық, Әнде-

тейік жырлайық! Ортамызды ашайық, Ырыс тілеп бұл жылға, Жырдан шашу шашайық! **«Қазақы дастарханым» әні орындалады.**

1-оқушы: Қыс өтіп қар кетті, Жырлайық жаз жетті. Мейрамы ежелден Құтты болсын Наурыз!

2-оқушы: Әнім де саған, биім де, Құт қонақ өзің үйімде. Қуаныш сыйлар еліме, Күлімде, Наурыз, күлімде.

3-оқушы:

Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа кенелді, Қуанышта ел енді. **Наурыз** келді салтымыз: Көгерсін деп халқымыз Көшеге тал егеді. **Наурыз** тойы – береке, **Наурыз** тойы – жыр-аңыз. **Мұғалім:** **Наурыз** айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен **Наурыз** жыл басы болып саналады.

Жауқазындай жайқалған гүлдерміз біз, Ұтармыз біз, қолдасаңыз сіз. Бақыт, шаттық, көңілге арман тілеп, Өмірде болмасыншы ызғар мен сыз.

Кім жеңеді жеңіске, үміт алда, Қобалжу бар, жүректе күдік барда,

Қарсыластар бір біріне сәттілік тілеп,

Жүректерге арман мен бақыт

жолда, - дей отырып, сайысымызды бастайық.

Сайысымыз 4 кезеңнен тұрады.

1-кезең: «Бәйге» (Сұрақ-жауап).

2-кезең: «Тіл өнері» (Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте).

3-кезең: «Жалғасын тап».

4-кезең:

4-оқушы:

Ақпан кетті араз боп Наурызбен,
Наурыз жүр жоғалған бағын іздеп.
Көктем жетті көрісіп, жанын үзген
Қыс аттанды қоштасып тағы біз-
бен.

5-оқушы:

Наурызды тәңір бізге нәсіп еткен,
Мейірім танысын деп тасып өткен.
Наурыз сән-салтанат, ұлттық рух,
Бақытты **Наурыз**ы бар халқым нет-
кен!

1-кезең: «Бәйге» (Сұрақ-жауап).

Бұл кезеңде әр пән бойынша сұрақтар беріледі. Дұрыс жауапқа бір ұпайдан беріледі.

Сұрақтар:

А

1. Қазақтың тұңғыш ғарышкері.
(Тоқтар Әубәкіров)

2. Абайдың шын есімі кім? (Ибраһим)

3. Заттың атын білдіретін сөздер не деп аталады? (Зат есім)

4. Әтеш екі аяғымен тұрғанда салмағы 4 кг. Ал бір аяғымен тұрғанда салмағы қанша? (4 кг).

5. Ұя салмайтын құс. (Көкек)

6. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы? (Ы. Алтынсарин)

7. Қазақтың үш биі кімдер? (Төле, Қазыбек, Әйтеке)

8. 1 м неше сантиметр бар? (100 сантиметр)

9. Құлагер кімнің аты? (Ақан сері)

10. Күн мен түн қай күні теңеледі? (22 наурыз)

Б

1. Көктем айлары: (наурыз, сәуір, мамыр).

2. Абайдың әжесінің есімі. (Зере)

3. Қимыл іс-әрекетті білдіретін сөз табы. (Етістік)

4. 1 жұмыртқа 4 минут піседі, ал 5 жұмыртқа неше минутта піседі? (4 минутта)

5. «Орман дәрігері» атанған құс. (Тоқылдақ)

6. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? (3. Қатан, ұяң, үнді)

7. Үш арсызды ата: (Тамақ, ұйқы, күлкі)

8. 1 ғасырда неше жыл бар? (100 жыл)

9. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің авторы? (Абай)

10. 1 м неше дециметр бар? (10 дециметр)

С

1. Адам өміріне қажетті 5 жағдай... (ауа, тағам, жылу, жарық, су)

2. Абайдың анасының есімі. (Ұлжан)

3. Заттың сынын білдіретін сөздер не деп аталады? (Сын есім)

4. Тұңғыш ғарышкерді ата (Ю.А. Гагарин).

5. «Әнші құс» атанған құс. (Бұл-бұл)

6. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? (2. Жуан, жіңішке)

7. Тірі табиғатты ата: (Адам, жануар, өсімдік)

8. 1 жылда неше ай бар? (12 ай)

9. «Білім керек бәріне» өлеңінің авторы? (Ф. Оңғарсынова)

10. 1 дм неше сантиметр бар? (10 сантиметр)

6-оқушы:

Наурызым ғажап туысың, Ұлыстың ұлы күнісің. Жылыттың жердің жүрегін, Жүрегі елдің жылысын.

7-оқушы:

Наурызым – тойлы нұрлы күн, Мерейің асып тұр бүгін. Жерімнің жүзін жылыттың, Елімнің сақта бірлігін! «Дастархан» әні хормен орындалады.

Кедеймін деп қысылма, Өнерің болса қолыңда. Өнерлінің ырысы Жарқырап жатыр жолыңда. Сайыста ән салайық, би билейік, Өнермен өрге басып кідірмейік. (Әр жұп өз өнерлерін көрсетеді) **8-оқушы:**

Арда өсіп, адал емген ақ уызың, Қалдырған ғасырларға нәрлі ізін. Көк бөрілі байрағын желбіретіп, Көк түріктер тойлаған Наурызым.

9-оқушы:

Наурыз – достық,

Наурыз – күн, Барша халық бірлігі. Тағы келді Ұлыс күн, Жалғасып ғалам тірлігі. **10-оқушы:**

Наурыз тойы – береке, Наурыз

тойы – жыр-аңыз. Қызық думан – мереке, Қызық думан құрамыз.

2-кезең. «Тіл өнері»

(Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте)

Бұл кезеңде жұмбақ жасырылады. Жауабы үш тілде айтылуы керек.

А

1) Үндемес серік, ақылы берік. (Кітап – книга – book)

2) Толып келіп бос кетеді. (Қасық – ложка – spoon)

3) Жемге ауыз салса – ұтылғаны, Айналып өтсе – құтылғаны. (Балық – рыба – fish)

Б

1) Әуре болма теріп бекер, Ұстай қалсаң, еріп кетер. (Қар – снег – snow)

2) Балдай тәтті, Мұздай қатты. (Балмұздақ – мороженное – ice cream)

3) Түк білмей барасың, Тәлімін аласың. Есейіп кетсенде, Қарыз боп қаласың. (Мектеп – школа – school)

С

1) Мұрты бар, сақалы жоқ, Тоны бар, шапаны жоқ. (Мысық – кошка – a cat)

2) Көп жазсаң, қолың талады, Қағазға бәрін салады. (Қалам – ручка – a pen)

3) Тұмсығымен қозғалар, Соңында аппақ із қалар. (Бор – мел – chalk)

«Қара жорға» биі орындалады.

3-кезең. «Жалғасын тап»**А**

Мақал-мәтелдер сайысы.

- 1) Оқу – білім бұлағы... (Білім-өмір шырағы)
- 2) Күлме досыңа... (Келер басына)
- 3) Батаменен ер көгерер... (Жаңбырменен жер көгерер)
- 4) Отансыз адам... (Ормансыз бұлбұл)
- 5) Жері байдың... (Елі бай)

Б

- 1) Ашу-дұшпан, ақыл дос... (Ақылыңа ақыл қос)
- 2) Оқусыз білім жоқ... (Білімсіз күнің жоқ)
- 3) Батыр туса ел ырысы... (Жаңбыр жауса жер ырысы)
- 4) Еңбектің наны тәтті... (Жалқаудың жаны тәтті)
- 5) Қыз өссе елдің көркі... (Гүл өссе жердің көркі)

С


- 1) Туған жердей жер болмас... (Туған елдей ел болмас)
- 2) Жақсыдан үйрен... (Жаманнан жирен)
- 3) Ақкуды атпа... (Досыңды сатпа)
- 4) Кітап... (Алтын қазына)

5) Оқу... (Инемен құдық қазғандай)

«Қазақ дәстүрлері» әні орындалады.**4-кезең. «Кім тапқыр»***(Берілген сөзден бірнеше сөз жасау)***1-топ** – Шілдехана,**2-топ** – Алтыбақан,**3-топ** – Тұсау кесу.

Келер күнге бар үмітті табынтып,
Бар халықты қуантатын бұл қай кез?
Хормен: Наурыз! Шашу! Шашу! Көп шашайық шашуды, Жауғандай кеп аспаннан нөсер жаңбыр. Уа, жамағат, теріп ал несібінді, Ризығың болсын көл-көсір!

Қашанда құт-береке орнасын деп,
Тойларда шашу шашу – салты елімнің.
Уа, халайық! Теріп ал несібінді,
Қабыл болсын, жамағат, ақ тілеуің!

«Мерекем» әні орындалады.*(Қазылар баға береді. Сыйлықтармен марапатталады)***Қалампыр Сайланқызы****МЕНДЫГАРИНА,****№19 орта жалпы білім беретін****мектебі****бастауыш сынып мұғалімі.****Орал қаласы,****Батыс Қазақстан облысы**

Майдан майталманы – Мәлік



**Майра Айтмуханбетовна НЕГМЕТОВА,
Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 көптілде
оқытатын кәсіби мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

**Көкшетау қаласы,
Ақмола облысы**

Мақсаты: білім алушыларға Кеңес Одағының Батыры – Мәлік Ғабдуллиннің ерлігі туралы баяндай отыра, батырдың ерлігін үлгі тұтуға үйрету. Жас ұрпақты елжандылыққа, ұлттық патриотизмге, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: батырдың өшпес ғұмырын, ерлік өмірін сипаттайтын слайдтар.

1-жүргізуші: Мәлік Ғабдуллин! Ерекше құрмет тұтар, жүректе сақтар ардақты есім. Ол қаһармандық, батырлық іс-қимылдарымен, терең ғылыми ізденістерімен, ұстаздық, санаткерлік ерен еңбегімен, қаламгерлік қабілет-дарынымен, жан дүниесінің кіршіксіз, мөлдір тазалығымен, кісілік мейірім-қасиеттерімен, әдеп-инабатымен, үздік жаратылысымен, ақыл-парасатымен өзгешеленетін тарихи тұлға.

2-жүргізуші: Мәлік Ғабдуллин! Бұл есім жалпақ елге кеңінен танымал. Қазақ халқының тарихына алтын әріптермен жазылды. Кешегі сұрапыл соғыста жауынгерлердің жігерін жанып, қайраттандырып, рухтандырып, жауға қарсы бастап шықты. Мәлік ағаның бір өзі ғана фашистердің он танкісін гранатамен қиратып өртеді, жүздеген офицерлері мен солдатын жер жастандырды. Бауыржан Момышұлы бастаған полкты апаттан аман алып қалды. Талай қоян-қолтық

айқаста, жекпе-жекте мейірі үстем болды. Үнемі майданның алғы шебінде соғысты. 28 жасында Кеңес Одағының Батыры атанды.

1-жүргізуші: Мәлік Ғабдуллин бейбіт өмірде ғылымға беріле еңбек етті. Республикамызға бірнеше мындаған маман даярлады. Ондаған ғалым тәрбиеледі. Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер атанды. Зерттеу жолындағы еңбектері үшін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды. Одақтың педагогика ғылымдары академиясына академик болып сайланды. Ол бұрынғы Одақ бойынша әрі Батыр, әрі Академик атағына ие болған дара тұлға. Ендеше, тұғыры биік дара тұлғаның сара жолын баян етейік!

1-оқушы: Көкшетау қаласынан оңтүстікке қарай 70 шақырым жерде Желтау тауы бар. Оның айнала маңайын есімі елге кеңінен мәлім, кезінде Абылайды ақ киізге салып хан көтерген Қанай бидің алты ауылы қыстайды. Солардың бірі – Қойсалған ауылы. Сол Қойсалғанда Мәлік Ғабдуллин 1915 жылы 15 қараша күні дүниеге келген.

2-оқушы: Мәлік шаңырақтағы екінші бала болды. 1923 жылы Қойсалғаннан 3-4 шақырым жердегі Құлет дейтін ауылда бастауыш мектеп ашылды. Бұл мектепке көрші ауылдардың балалары барып оқи-

тын болды. Мәлік Құлет мектебінде төрт жыл оқиды. Ұлы анасы Мәдиян Байболсынқызы кішкентай Мәлікті алғашқы ұстазы Рамазан Нұғымановқа әкеп табыстады.

2-жүргізуші: Көрініс: «Ана аманаты»

Анасы: Айналайын, Рамазан, мына бүлдіршін Мәлкенімді әуелі құдайға, сонан соң өзіңе сеніп тапсырамын, тауға серуендеп кетеді, ұзақ ойнайды, екі ауылдың арасында жүргенде боран-шашынға, ит-құсқа кез бола ма деп үрейленемін. Оң көзіңмен, ықылас- мейіріміңмен қарай гөр!

Рамазан мұғалім: Жақсы, апа, айтқаныңыз болады. Аманатқа қиянат жасамаспын.

«Озат оқушы – Мәлік»

3-оқушы: 1927 жылы Мәлік Ғабдуллин Көкшетау қаласындағы 7 жылдық коммуна мектебінің 5-сыныбына оқуға түседі де, оны 1930 жылы бітіріп шығады. Мұнда көп жылғы жемісті еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталған Нұрмұхамед Көшімов оның сүйікті ұстазы болады.

1- жүргізуші: Біраз жыл өткен соң... Жас Мәліктің естелігі.

4-оқушы: Мәліктің естелігінен:

Рамазан өте сүйкімді, ізетті, қамқор жан еді. Сол ұстазымның нұрлы бейнесін ұмыта алмаймын. Кейін Көкшетауда қазақ мектебінде оқып жүрген кезім еді. Балдырған балалық шағымыз болатын. Сонда шәкірттердің аса қадірлейтін, құрметтейтін Нұрмұхамед Көшімов деген аяулы ұстазымыз болды. «Сен мұғалім бол, мұғалім дайындайтын оқу орнына түс» деуші еді.

«Сырбаз студент – Мәлік»

5-оқушы: 1931 жыл. Күз. Жапырақтар алтын түстеніп сарғая бастаған кез. Бақшаларда сағағы үзіліп пісіп тұрған әр түсті алмалар мың құбылып көз тартады. Осындай күздің әдемі күндерінің бірінде

Мәлік Алматыға келіп, Абай атындағы педагогика институтына оқуға түседі.

6-оқушы: Сабақ басталды. Мәлік лекцияға бірінші болып келді. Ол аудиторияда далаға еш нәрсе жібермей, лектордың айтқанының бәрін қағып алайын деген ниетпен отыратын. Профессор лекция оқығанда оқытушыдан көз айырмай, мейлінше зер сала тыңдайтын. Мәлік сағат санап, күн санап өсті. Оның дүние мен адамдар туралы ұғымы кеңейіп, күн сайын өрістей берді. Ол С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ж. Саин, Ә. Тәжібаевтармен кездесіп танысады.

7-оқушы: Мәлік қазақ әдебиетінің лекцияларында айтылғандарды көз алдына айқын елестетіп, олардың ішінде өзі бірге араласып жүргендей шаттанып, рахаттанып отырушы еді. Ол батыр, ақын Махамбет Өтемісұлының Баймағамбет сұлтанға айтқан:

Хан баласы ақсүйек,

Ежелден табан андыскан.

Ата дұшпан сен едің,

Ата жауың мен едім, - деген жалынды өлеңін естігенде, қазақ халқының даңқты батырлары көз алдына елестеп, олардың ерліктері қанын қайнатып, денесін шіміркендіргендей болатын еді.

Жүргізушілер: қазақтың күйлеріне кезек берейік.

«Жаужүрек жауынгер – Мәлік»

8-оқушы: 1941 жыл. Соғыстың күйіп тұрған кезі. Оның дүмпуі қалаға да сезілгендей...

Тап осы кезде әскерше киінген Мәлік институтқа келді. Бұл оның политрук қатарында майданға аттанар сапары еді.

Митингіде ол өзіне тән кішіпейілділікпен сөйлей келіп:

Мен өз халқымды ұятқа қалдырмаймын. Менің даңқты ер бабаларым жауымен қалай күресті, мен де жаумен тап соларша күресемін. Мені де ердің бірі

санандар», - деді. Мәлік генерал И.В. Панфилов бастаған даңқты 8 гвардия дивизиясы құрамында ҰОС-на бастан-аяқ қатысты.

9-оқушы: Мәлік әрқашан жауынгерлердің алдында, әрқашан өзінің майдандас достарымен бірге ең қауіпті жерлерде болды. Жауынгерлермен бірге жаудың қоршауында қалып, талай рет талқан етіп, бұзып та шықты. Жау тырнағынан бірнеше қалаларды да азат етті.

2-жүргізуші: *Алдарыңызда жыр сүйер оқушымыз өзінің «Мәлік атаға арнау» өлеңін оқиды.*

1-жүргізуші:

Арулар неткен сымбатты,
Ғажайып нұрға бөленген.
Күзге де қыздар үн қатты,
Мың бұралған, билеген.

«Қазақ бий» биленеді.

«Батырлардың түйғыны, ғалымдардың жүйрігі – Мәлік»

2-жүргізуші: Сахналық көрініс: Батыр Мәліктің жыршы жүрек Жамбыл Жабаявпен кездесіп, жауынгерлерге оның сәлемін жеткізуі.

1-жүргізуші: Достар, атақты жерлесіміз Мәлік Ғабдуллиннің жарқын бейнесін үш-ақ сөзбен түйіндеп айтсақ, не дер едік?

- Батыр. Ғалым. Жазушы.

- Ал енді баһадүр Мәліктің соғыс жылдарындағы батырлығы, ерлігі туралы қызықты бір эпизодын кім айтып бере алар екен?

- Батыр ағамыздың қалай өліп-тірілгенін айтсам қайтеді?

- Иә, қызық екен, айтып жіберші.

10-оқушы: Мәди айтады.

1-жүргізуші: Қалай, осының бәрі рас па?

10-оқушы: Батыр ағамыздың бір өліп-тірілгені дегенде мен осыны айтайын деп едім.

2-жүргізуші:

Батырымсың – сындырған жаудың белін,

Жауынгерсің қайтарған халық кегін.

Есімін жас бөбектің Мәлік қойып.

Айтқызды әнге қосып, туған елің...

1-жүргізуші:

Атыңды аңыз ән қылып,

Жырлайды алыс-жақының.

Ұмытпайды мәңгілік

Халық нағыз батырын! - деп

Жарасқан Әбдірашев айтқандай, ұлы майданда жасаған қайтпас ерліктері үшін Мәлік Ғабдуллинге 1943 жылы 30 қаңтарда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

2-жүргізуші: Қазақ халқының тарихы жатқан ерлік, ерлік – қазақ халқының салты. Сондықтан біздердің қай-қайсымыздың болсын қазақтан тудым деп мақтануға толық құқымыз бар.

11-оқушы С. Торайғыровтың «Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын» өлеңін жатқа оқиды.

«Қазақ елім» әні орындайды.

«Жазушы әрі ардақты азамат – Мәлік»

12-оқушы: Мәлік Ғабдуллин тек батыр ғана емес, ол – ардақты азамат болды. Оның төңірегіне нұр шашып, әділетсіздікке ұшырағандарға жәрдем қолын созып жүретін жан екендігін көрмегендер, сезбегендер аз болар. Ақын Ғафу Қайырбеков Мәлікке арнаған өлеңінде былай толғайды:

Болысқыштық бойға біткен көркі еді,
Басқа қонған бақытты ұстау – серті еді.
Отты туған адамдарды сақтаушы еді,
Ол өзі де үнсіз жанған өрт еді.

13-оқушы: Ғалым Мәлікті жазушы Мәліктен бөліп алу қиын болатын. Жалындаған жастық шағы Ұлы Отан соғысының сын сағаттарына тап болып, өмір тезінде шындалып өскен, көпті көріп, көкейіне көпті түйген зерделі қаламгер Ұлы Отан

соғысы тақырыбына көптеген көркем шығармалар жазды.

1947 жылы «Менің майдандас достарым» деген атпен жарық көрген прозалық туындысында автор сын сағаттардағы Кеңес жауынгерлерінің ерлігін үлкен сүйіспеншілікпен суреттеді. 1948 жылы жарыққа шыққан «Майдан очерктері» атты кітаптарында жазушы ерлік, елдік тақырыбын одан әрі жалғастырып, оқырман жүрегіне ізгілік рухын еге білді.

14-оқушы: М. Ғабдуллин жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне де үлес қосты. «Ата-аналарға тәрбие кеңес» атты кітабында халықтың рухани көркем мұрасының жаңа буындарды өсіріп, тәрбиелеуге ат салысатыны турасында сыр шертеді. Атамекенді қорғауға, ана тілін ардақтауға, әділ, шыншыл, ізетті болуға шақырады. Еңбектің бағалылығы да осында.

«Ұлағатты ұстаз – Мәлік»

15-оқушы: Мәлік Ғабдуллин 1946 жылдың көктемінде әскери қызметтен босап, Алматыға қайта оралды. Алғашқыда Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және Әдебиет институты директорының орынбасары қызметін атқарады. 1951 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына ауысты. Мұнда ол 1963 жылға дейін ректор болды. Содан өмірінің ақырына дейін он шақты жыл бойы Қазақ ССР Ғылым академиясында, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды.

«Алтын жұлдызды асыл дос – Мәлік»

16-оқушы: Мәлік аға студенттер жатаханасына жиі келетін және қасына ешкімді де ертпей дара жүретін. Біздің бөлмеге де сан рет келді. Келгенде де жай келмей, кәне, қайсың шахмат ойнайсыңдар деп келетін. Ортамыздағы тәуір саналатын шахматшымыз Лесхан Байсеркеевпен торлы такта үстінде жиі айкасқа

түсетін – деп еске алады жерлес қарымды қаламгер Төлеген Қажыбаев.

17-оқушы: Біздің бөлмеге де келіп, әңгімелесіп, шахмат ойнап, монғолия қазақтарының жағдайын сұрап ұзақ отырып кететін. Мәкең әрбір жарты жылдық демалыста монғолиядан келіп оқып жатқан студенттерді ерекше қамқорлыққа алып, «Медеу» сияқты демалыс орындарына институт атынан жолдама беріп, бізді демалысқа жіберіп тұратын – деп еске алады Баят Жанатұлы.

2-жүргізуші:

Жайнатамын бар гүлді,
Сайратамын бұлбұлды.
Төгілтіп ән-жырымды,
Мейрам етем бұл күнді.

«Сарыжайлау» әні орындалады.

18-оқушы: Мәлік Ғабдуллиннің қызы Майданның естелігінен: «Мен 1941 жылы желтоқсан айында дүниеге келгенімде ол соғыста жүріпті. Майданға аттанар алдында әкесі Ғабдолла Елемесұлына: - Егер ұл туса сәбидің атын Майдан қойындар деп тілек білдіріп, аманат етіп кеткен екен. Бірақ мен қыз болып туыппын. Бәрібір маған сол есім бұйырыпты. Кішкентай кезімде ер баланың есімімен аталғаным ыңғайсызданып та жүрдім. Келе-келе үйреніп те кеттім».

19-оқушы: «Әке, сен сондай мейірімді, жұмсақсың. Ешкімнің көңілін қалдырғың келмейді. Немістермен қалай соғыстың?» - деп сұраған кезім де болды. Сонда ол: «Қызым, халықта «керек», «азаматтың міндеті» деген сөз бар. Егер өз халқыңды, жеріңді, еліңді, бала-шағаңды қорғау керек, ол азамат жігіттің міндеті дейтін сөз айтылатын болса, онда сол сөз сені қанаттандырып та, қайраттандырып та, жігерінді жанып та жібереді. Алдына қойылған міндетті орындау үшін қолдан келгеннің бәрін де жасайсың, бәрін де сол жолға жұмылдырасың», - деді.

«Идеал мүсіншісі – Мәлік»

1-жүргізуші: Мәлік атаның ой маржандарына, асыл сөздеріне мән берейік, достар!

20-оқушы: «Адамның ойы да, ісі де, білімі мен ақылы да өз халқының мүддесін орындауға арналуы керек. Қара бастың қамын ойлау, өз жөнімен халық ісін ұмыту- адамның тексіздігін көрсетеді». (8.01.1945 ж.)

21-оқушы: «Шынында халық ісі үшін еңбек сіңірем десең, өткендегі 100 жылға көз жібер, сол кезде не істелді екен, соларды қарап шық, сонан кейін алдағы 50 жылға көз жібер, сол кезде қандай нәрселермен келуіміз керектігін, не істеуімізге тиісті екенімізді ойла». (16.04.1944 ж.)

Осындай өткір ойлар өрбіткен Мәлік қай хатында болмасын, ұстанған мақсатынан айнымаған.

22-оқушы: «Өзінің ұлтын, халқын сүйе білмеген адам, басқа ұлтты, халықты да

сүйе, бағалай, құрметтей білмек емес». (12.02.1945 ж.)

1-жүргізуші: Өзінің ұлтын, халқын Мәлік батырдай сүйетін және бізге солайша сүюді үйреткен халқымыздың шын патриоты М. Шахановтың «Төрт ана» өлеңін қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші: Бүгін біз Мәлік атаның ғажайып ғұмыры жайында сыр толғадық. Иә, Мәлік есімі – мәңгілік! Оның мәңгілігі – ішкі жан дүниесінің нұрлылығында.

1-жүргізуші: Ол Әдеп пен Ақыл, Кеңдік пен Кеменгерлік, Тектілік пен Ізгілік, Батырлық пен Ғалымдық, Турашылдық пен Дұрыстық, Сыпайылық пен Зиялылық, Жақсылық пен Жанашырлық, Алла сүйген айдай таза мінсіз жан, ол аспандай көнермейді, көктемдей қартаймайды, қасиетті рухы, бекзат бейнесі өшпейді.

Қорытынды.

«Атамекен» әні хормен орындалады.

«Көктем аруы» байқауы

Мақсаты: бойжеткен қыздарымызға ұлт тағдыры мен ұрпақ тағдырына жауапты екендіктерін сезіндіру, қазіргі заман талабына сай, инабатты да парасатты, интеллектуалдық қабілеттері ұшқыр және ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрімізді жалғастыратын тұлға тәрбиелеу.

1-жүргізуші: Құрметті аналар, ұстаздар, оқушылар, бүгінгі мерекелік кешке қош келдіңіздер!

Ақын боп әділдікті жақтап өткен,
Ананың ақ үмітін ақтап өткен.

Қазақтың аруларын мақтан етем.
Ақын мен әнші деген – ел еркесі,
Қазақтың тарқамасын берекесі, -
деп ақын ағаларымыз жырлағандай,
«Қыз өссе, елдің көркі» дегенімізбен,
қаракөз қыздарымыздың шын мәнінде еліміздің көркі болуы үшін олардың бойына жастайынан ұлттық сана, салт-дәстүрімізді, қазақ қызына тән қасиеттерді сіңіріп, дұрыс тәлім-тәрбие беру ата-аналардың ғана емес білім орындары мен ұстаздардың да парызы.

2-жүргізуші:

Жас күнінде жалындау бар, жану бар,

Үлкендерден өнерін паш ететін,
Көрерменге өнерін паш ететін,
Қош келдіңдер біздер сұлу арулар!
Бүгінгі байқауға қатысушы арула-
рымызды ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші:

Қыз баланы құрметтеген қазағым,
Аруларға ақындар жыр жазатын.
Қошеметтеп шақырайық ортаға,
Сайысушы өнерлі қыз ...

2-жүргізуші:

Қазақ елім тәуелсіз боп танылған,
Бақыт құсы ұшпаса екен бағымнан.
Көрермен көрсететін өнерін,
Сайыскердің бірі ортада ...

1-жүргізуші:

Көктемде жердің беті қырмызы,
Қыз дегенің ата-ананың құндызы.
Бұл сайыста бар өнерін салатын,
Ару болар ... деген бір қызың.

2-жүргізуші:

Қызға берілер анасынан қасиет,
Қызға аманат, ата-анадан өсиет.
Арулардың сайысына қатысып,
Ару болсам деп келіп тұр ...

1-жүргізуші:

Ел жұртынан бақ пен байлық сұрай-
тын,

Қыздар елге қылығымен ұнайтын.
Сайыскердің бірі ақылды ару қыз,
Тал бойында өнері көп ...

2-жүргізуші:

Жақсылыққа ақ жүрегін жаяр кім,
Туған жерде тәтті ұйқыдан ояндым.
Деген балғын арулардың ішінде,
Бағын сынар ару қызың

1-жүргізуші:

Құлпырған дала гүліндей,
Жүресің әркез күлімдей.
Арманыңа аңсаған
Ақниетпен жет сүрінбей, ... қыз.

2-жүргізуші: Енді бүгінгі байқаудың шарттарымен таныс болдыңыздар.

1. **Өзін-өзі таныстыруы;**
2. **Сән үлгісі (өз топтамасы 4 түрлі);**
3. **Үй жұмысы. (Қол өнер);**
4. **Интеллектуалды сұрақтар;**
5. **Мерекелік дастархан мәзірі;**
6. **Жағдаяттан шығу;**
7. **Өз өнерін көрсету.**

1-жүргізуші:

Ал, халайық ықыласпен демелік,
Арулардың бүгінгі сайыстарын кө-
релік.

Сыры мен сымбатына қарап біз,
Әділдікпен бағаларын берелік, - деп
бүгінгі кешіміздің бағасын берер қа-
зылар алқасымен таныс болыңыздар.
(Әділ қазылар таныстырылады)

2-жүргізуші:

Гүл көңілдер қуаныштан өрілді,
Жанарыңнан жалын нұры төгілді.
Жыр ұшқындап тұр ғой әне, үнің-
нен,

Көпшілікке таныстыршы өзінді, -
деп аруларымызды таныстыру кезеңі-
не шақыралық. Сайыстың бірінші ке-
зеңі «Өзін-өзі таныстыру»

(Арулар өздерін таныстырып өтеді)

«Қыздарға әсемдік жарасады» сән
үлгісі (өз топтамасы үлгілерін көрсе-
теді – 4 түрлі)

1-жүргізуші:

Шеберлердің өнер тамған қолынан,
Жаңылмаған ата-баба жолынан.
Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін,
Біз айталық төрелігін соңынан, -

дей отырып, сайысымыздың келесі бөлімі «Шебердің қолы ортақ» деп аталады. Мұнда аруларымыз өздерінің үйден жасаған қол өнерлерін көрсетіп, түсіндіреді.

2-жүргізуші:

Арусындар таудай биік талабың,
Қызысындар еркін өскен даланың.
Ал, канеки, мүдірмендер сайыста,
Тез табындар қойған сұрақ-жауабын,
- дей отырып, сайысымыздың келесі кезеңі «Интеллектуалды сұрақтар» бөлімін бастаймыз.

2-жүргізуші:

Бастап бүгін арулардың сайысын,
Аруларды бар қазағым танысын.
Өнерлілер өрге жүзер, ендеше,
Ару боп өс туған жердің бағы үшін.
(Қыздар үстелге сервировка жасайды.
Әдемі музыка ойналып тұрады)
Ал, арулар, сайысқа қалайсындар,
Сендер өтер әлі талай сын бар.
«Қырықтың бірі – қыдыр», - деп,
Айтатын әже-атамыз.
Келіп қалса бір қонақ,
Қалай дастархан жасаймыз.
Келесі сайысымыз «Қонақты қалай күте білеміз» деп аталады.

(Мерекелік дастархан мәзірі)

Жағдаяттан шығу

(Аруларға жағдаяттар сұрақтары беріледі)

Өз өнерін көрсету.

Би сайысы. (Арулар өздерінің дайындап келген билерін билеп көрсетеді)

Әділдікпен баға берер аруға,
Әділдікпен кара қылды жаруға
Әділ қазы алқасына сөз берейік,
Көктем аруын таңдап бүгін алуға,
- деп әділ қазы алқаларына сөз берейік.

Марапаттау.

Бойларында от бар екен байқадық,
Жүректерде шок бар екен байқадық
Әрқашанда осы шокты өшірмей,
Жалындатып шарықтандар әрдайым,
- деп бүгінгі сайысымызды аяқтаймыз.

Қорытындылау.

Марапаттау.

Улпан Булатовна ТАСТЕМИРОВА,
Пятимар орта жалпы білім беретін мектебінің музыка пәні мұғалімі.

Пятимар ауылы,
Жаңақала ауданы,
Батыс Қазақстан облысы

Асыл жандар

Мақсаты: 8 наурыз — халықаралық әйелдер мерекесіне орай ананың бойындағы ізгі қасиеттерді оқушыларға сездіру; оқушылардың өз анасына, барлық аналарға деген құрмет сезімін ұштап, оларды аялап, сыйлап, қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: гүлдер, шарлар, ұлағатты сөздер: «Жәннат — аналардың аяғының астында», «Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды». В.Г. Белинский: «Ана өз баласын жанымен де, қанымен де сүйеді».

Мұғалімнің кіріспе сөзі: 8 наурыз —

халықаралық әйелдер күні. Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен аналар мерекесі және біздің ару қыздарымыздың мерекесі. Қазақ әйел затын ерекше қадірлеген. Өмірдің ащы-тұщысын көріп, ысыла білсін, тұяғы тасқа салса кетілер, суға салса жетілер деген оймен ұлын жел өтінде ұстаса, қызын аз күндік қонағым, алтынның сынығы, шұғаның қиығы деп бөркінің төбесіне үкі қадап, үлпілдетіп өсірген. Адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Ана – тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Ендеше, келесі кезекті асыл ұлдарымызға берейік.

Әдеби-музыкалық монтаж

1. Шуақты көктем келді гүлін алып,
Көктемнің мерекесі бүгін анық.
Өмірдің көктемі де, гүлі – аналар,
Ана деп бас иеді күллі халық!
2. Біз ғана емес қадір тұтқан балалар,
Аналардан туған небір даналар,
Ана деген – тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті Аналар!
3. Дүниедегі ең ардақты асыл жан,
Анам мені мәпелеген жасымнан.
Мен қуансам қуанады ол бірге,
Мен қиналсам табылады қасымнан.
Маған қымбат жан жоқ сірә анадан.
4. Ана тұрса құшаққа алып баласын,
Бақыт, шаттық белгісіндей жара-
СЫМ.

Қабағынды кірбің шалмай өмірде,
Қуанышқа кенеле бер, Анашым!

5. Анам менің, асылым, лағыл әнім,

Кеудең мен гүл болып тағыламын.
Жұлдызыңдай көгінде жағыламын,
Алыс кетсең – аңсаймын, сағына-
мын,

Анам менің, асылым, лағыл әнім!

«Ана туралы ән» орындалады.

6. Аяулы да, алтын нұрлы анашым,
Жүрегіммен мәңгі бірге боласың.

Сен асқарсың, сен аспансың, биік-
сің,

Сен дархансың, сен жомартсың, да-
насын!

7. Асыл анам – алтын жан, асқар
тауым,

Арайланып алдымнан атқан таңым.

Әлпештедің, әлдилеп, аяладың,
О, анашым, бір өзіңсің сая бағым!

8. Өмірде қымбат екен ана деген,
Өмірі гүл жаратын баламенен.

Біздерді ақ гүліндей аялаған,

Мен оның жалғасы боп қала берем.

9. Анашым, менің – саялы қамқор
шынарым,

Баулуға мені сан азап көріп шыда-
дың.

Тілерің болса алдағы жерде ана-
шым,

Үмітіңді ақтап, арналсын саған,
жыр-әнім.

«Аналардың тілегі» әні орындалады.

10. Ана – өмірдің қуанышы, тірегі,
Бала оның жұбанышы, жүрегі.

Ана алдында ел жауы да бас иген,
Олар дәйім тыныштықты тіледі.

11. Кең жазира ұланғайыр даласың,
Данышпансың, ақылгөйсін, дана-
сың.

Арқалап ап үш апарсам Меккеге,
Қарызымды өтей алман, Анашым!

12. Жан ана, жарық күн жанары,

Бір сенде кеңдігі даланың,
Баланды құшақтап сүйгенде,
Сеземін көктемнің самалын.

13. Ұрпақтарға бақыт жолын аңсаған,
Тілейтұғын сырттай жүріп бақ саған.

Тіршіліктің тынысы мен ажары,
Ана деген тендесі жоқ жақсы Адам!

14. Аяулы Ана!

Күнім де Ана, ай да Ана!

Жетеді саған қай дана!

Асылым өзің!

Бас иіп өтер Әулием менің сен ғана!

15. Айбының биік,

Айдының тұнық.

Теңізім терең өзіңсің!

Таң шығы мөлдір,

Тамшысы мен бір.

Сендегі Асқақ сезімнің!

16. Сүрінсем сүйеп,

Болатын тірек.

Сол үлкен жүрек,

Сен екен жалғыз, Жан – Ана!

Барлығы:

Ақ сүтінен жаралған,

Ақ сүтінен нәр алған.

Анаға бас иеміз!

Туған жердің тілі деп,

Туған жердің үні деп.

Анаға бас иеміз!

Концерттік бағдарлама тамашаланады.

Ана – бала, бала – ана бір ұғым,

Бір-бірінсіз жоқ олардың бақыты.

Ана – бала, бала – ана әрдайым,

Бірге жүрсін, бірге көрсін шаттықты.

«Мама» әні орындалады.

Бойыңа бар сұлулық жиналғандай,
Жарқ етіп шыға келген ел алдына.

Биші қыздар, ғажап еді биің қандай!

«Есіл ағады» биі орындалады.

Адам бар ма ана сүтін татпаған,

Алуан-алуан ауыр сынды аттаған.

Адалдықты, ар-намысты сақтаған,

Мен анамның сонысына мақтанам!

«Ана жүрегі» әні орындалады.

Қорытынды сөз:

Әйел – Ана, Әйел – Өмір, Әйел – тіршілік өзегі. Өмір бесігінде іңгә тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі әрқашан да қастерлі, сөзі – өсиет, тұғыры – биік. Көңіл шуағына мейірім төгілген аяулы жанның өмірден алар несібе жемісі – алтын босағасы мен сүйкімді перзенті. Ана құдіретін айтып жеткізу мүмкін емес. Сөзімді ақын Баязиевтің «Ана туралы ой» деген өлеңмен аяқтағым келеді.

Халқымызға билік айтар даналар,

Даналардың өзі аналардан жаралар.

Жүрегінің бір бөлшегі бала үшін,

Сізден жақын адам бар ма, аналар?!

Балаға ең жақыны сіз ғой ана,

Сіздің ыстық құшағыңыз бізге пана.

Сіздерге теңестірет еш нәрсе жоқ,

Теңесе алар оған Отан ғана.

Мұғалім: Денсаулықтарыңыз қуатты, күндеріңіз шуақты, өмірлеріңіз мәнді, үйлеріңіз сәнді болып, жанұяда бақытты, уайым-қайғысыз ғұмыр кеше беріңіздер!

Бақыт ЕРМЕНОВА,

Алғабас орта мектебінің орыс

тілі және әдебиеті мұғалімі.

Күршім ауданы,

Төрлет, Наурыз!

«Қара жорға» биі орындалады.

1-жүргізуші:

Наурыз тойы тамаша
Наурыз тойы жаңаша
Табиғат та тамаша
Тамылжып тұр жараса
Наурыз тойы салтанат
Наурыз тойы мархабат
Әр жүректен ән тарап
Шаттанады шартарап.

2-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, балалар! Төрлет Наурыз атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер.

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлттық мейрамы, Наурыздың 22-де күн мен түн теңеледі, қыс өтіп көктем келеді. Тіршілік басталады. Қазақ халқы үшін үлкен мейрам — жаңа жыл Наурыз мерекесі.

Кел, балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық.
Баянды боп мереке,
Қыр гүліндей жайнайық

1-жүргізуші: Наурыз мейрамы — өте ерте заманнан бері халықтар тойлап келе жатқан тұрмыстық мереке. Ол парсымыз Наурыз жаңа күн деген сөзінен шыққан. Бұл жөнінде халқымыздың кемеңгер ұлдары Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов біршама деректер жинаған. Күн мен түн теңелген, мал төлдеп, адамның ауызы аққа

тиген, жер бусанып, малдың ауызы көкке тиген, ырыстың басын қазақ елі — Ұлыстың ұлы күні, - деп атайды екен.

2-жүргізуші: Сондықтан біріншіден, Наурыз — тепе теңдік мерекенің негізгі арқауы, мәңгі деп есептелген.

1-жүргізуші: Екіншіден, Наурыз күні — жанарудың, өсудің, түлеудің басы.

2-жүргізуші: Үшіншіден, Наурыз күні — имандылық мереке. Алдына келсе атанның құны болса да кеш.

1-жүргізуші: Төртіншіден, Наурыз — көктем мерекесі, еңбек тойы, ырыс, молшылық бастауы.

2-жүргізуші: Бесіншіден, Наурыз мерекесі — мейірімділік, кайырымдылық мейрамы.

Ұлы күні кәрі жас,
Құшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен,
Наурыз тойы құтты болсын!

1-оқушы:

Шапағатын аямай бұл жақта аспан,
Жадырайды әр адам мұң шақпастан.

Ой, ағайын, келіңдер!

Бүгін бізде —

Наурыз көже құрт-қатық, бұршақ қосқан.

Бәрі:

Наурыз келсе, құт келгені, халайық!

Есік ашып, шашу шашып
Ел боп қарсы алайық.

2-оқушы:

Бүгін күн теңелді,
Жер шуаққа кенелді,
Соны тойлар ел енді.

3-оқушы:

Наурыз тойы салтымыз,
Көгерсін деп халқымыз,
Көшеге тал егеді.

4-оқушы:

Өмір бағы жайнасын,
Бақта бұлбұл сайрасын.
Наурыз тойын тойлауға,
Жиналған жұрт жайғассын.

5-оқушы:

Күреп алтын күрекпен
Қарды еріткен наурыз!
Жатыр көктем түлетіп,
Бүрлеп бақша-бауымыз.
Ұлы күні ұлыстың,
Күн мен түнді теңеген.
Тәтті дәмін ырыстың,
Таттық Наурыз көжеден.

1-жүргізуші: Армысыз әлемнің алтын шырағы – Күн Ана! Төрлетіңіз! Атар таңға, батар күнге тәу-тәу!

Күн Ана (музыка)

- О, қасиетті Жер Ана! Алла тағаланың әмірін қалт жібермей орындап, адамзат үшін саған бас иемін. Мен сен үшін табиғат байлығына енген тау-тасыннан, жан-жануарыңнан бастап адам затына дейін қуаныш нұрын себу үшін өзіңнің

гүл көктемімді, Ару көктемімді шақырғалы отырмын.

2-жүргізуші:

Жыр сыйлаған, нұр сыйлаған тіршілікке

Құтты болсын қуанышты Ару көктем

Шақыратын бәрімізді бірлікке.

1-жүргізуші: Бүгін ұлыстың ұлы күні! Ата бабаларымыздың сөзімен айтсақ Ақ түйенің қарны жарылған күн. Ендеше Наурыз мейрамының салтанаты Наурызды, яғни көктем Аруды шақырайық.

Көктем Ару! (музыка)

Армысыздар халайық,
Бармысыздар халайық.
Наурыз тойы жұп жазбай,
Жылда қарсы алайық.
Өшкен шырақ жағылсын,
Көктемнің әрбір ақ таңы,
Қуанышпен, жақсылықпен
ашылсын.

«Наурыз» әні орындалады.

Күн Ана (музыка)

Зарыға күткен жаңа жылым да,
Наурыз келді-ау!

Жаңа жылым жарылқа, ескі жылым есірке,

Ұрпақтарым аман ет.

Жамандық әрі кет, әрі кет.

Алас, Алас! Бар бәледен қалас,
Наурыз, батырым, келе ғой.

Наурыз батыр:

Салем, Анам, алтын күн,
Нұр шуағы халқымның.
Ашық болсын аспаным,
Аман болсын жас-кәрің.

Жыл иесі ұлумын,
Бақыт әкел еліме.
Құт-береке молшылық,
Дари берсін жеріме.

2-жүргізуші: Рахмет, Наурыз ба-
тыр, Күн Ана, Ару көктем, тойы-
мызға келген қадамдарыңызға нұр
жаусын!

1-жүргізуші:

Жыр сыйлаған, нұр сыйлаған тір-
лікке,

Қастерлейік, қадірінді бірлік пе!

Құтты болсын Ұлыс күн жұмыл-
дырған,

Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке!

Бәрі:

Жарқыраған жыл нұрды,

Жаса, Наурыз дәстүрлі!

«Наурыз мерекесі» әні орындалады.

Әже: Қымбатты қонақтар! Енді
ортамызға ақ ниетпен, шын пейіл-
мен, дархан көңіл, жарқын жүзімен
Қыдыр баба келеді. Қане, қарсы
алайық.

Бәрі: Қош келдіңіздер, Қыдыр
баба.

*(Үілдеген жел дыбысы естіледі,
ортаға Қыдыр баба келеді)*

Қыдыр баба:

Ақыл-ойды асырып,

Ата салтын сақтандар.

Дұрыс сөзге тоқтандар,

Ұлыс күні ұрысты,

Өкпе-назды тастандар.

Мынау тұрған халықты.

Ынтымақ пен бірлікте,

Жақсылыққа бастандар.

Айналайын ел-жұртым,

Орындалсын арманың,
Жайқала берсін орманың
Әумин!

- Балапандарым, ата-салтын
ұмытпай Ұлыс тойын өткізіп жат-
қандарың өте жақсы. Ал енді Нау-
рыз туралы не білесіндер?

1-оқушы:

Наурыз келді құт болып,

Мына бізге сүт болып.

Аққа ауымыз толады,

Бар жақсылық болады.

2-оқушы:

Қыс өтіп қар кетіп,

Шырайлы жаз жетіп.

Шаруаны кенелткен

Мейрамы ежелден,

Құтты болсын, Наурыз!

3-оқушы:

Ұлыс бақыт әкелсін,

Әр күніміз жақсы болсын.

Достығымыз берік болсын,

Білім – өнер серік болсын.

Ұлыс оң болсын, бестік баға мол
болсын!

4-оқушы:

Көзің ашып бұлақтың,

Көпшілік көшет еккен күн.

Туыс, жекжат-жұраттың,

Қадіріне жеткен күн,

Қораларда төл төлеп,

Бау-бақша гүл ашқан күн.

Көңілдер шат көкке өрлеп,

Әр іс оңға басқан күн.

5-оқушы:

Ұлыс күні кәрі, жас,

Құшақтасып көріскен.

Жаңа ағытқан қозыдай,

Жамырасып өріспен.
Шалдар бата беріскен,
Сақтай гөр керістен.
Кел таза бақ, кел десіп,
Аға тілек бер десіп.

6-оқушы:

Науыз тойын әдемі,
Әжем еске түсірді.
Біздерге арнап әдейі,
Наурыз көже пісірді.
Арпа, бидай, тары бар,
Қатық, малта, ағы бар.
Ішілетін, жейтіннің,
Бұл көжеде бәрі бар.

7-оқушы:

Ашық болса қас-қабак,
Таспен атқанды аспен ат.
Бейтаныс та, таныс та,
Бүгін төрде бас қонақ.

Қыдыр баба: Жарайсындар, балаларым. Наурыз туралы білетіндерің көп екен. Мені күтіп отырған жалпақ ел бар, асығыспын. Тілегімді айтып аттанайын.

Жарқыра, жайна Наурызым,
Қабағы жаудың түйілісін.
Береке байлық дәм тұзың
Халқыма мәңгі бұйырсын
Сау болыңыздар. Келесі кездескенше.

(Қыдыр баба кетеді)

Ақ әже:

Хан тауының көк құсы
Ұйқыдан көзін ашты ма?

Балалар: Ашты, ашты.

Ақ әже:

Саумалық, саумалық,
Самарқаның көк тасы

Еріді ме, көрдің бе?

Балалар: Көрдім, көрдім.

Ақ әже:

Жаңа жыл жарылқа,
Ескі жыл есірке.

Саумалық, саумалық!

Саумалық, саумалық!

- Балалар, біз Наурызда не ішеміз?

Балалар: Көже.

Әже: Көженің құрамы неден тұрады, яғни не саламыз?

Балалар: Су, ет, тұз, бидай, арпа, кеспе, айран.

Әже: Наурыз көжені тоя ішу, «Жыл бойына тоқшылық болсын» деген ұғымға келеді.

Әже: Балалар! Наурыз мерекесі амандасудан басталады. Наурыз тойында бір-біріне ренжіскен адамдар татуласып, бір-бірін құшақтап амандасқан, яғни бұл ой, ең алдымен, көрісуден басталған. Танертең ерте тұрып, кісілер бір-бірімен кездескенде, мейраммен құттықтап, ер адамдар қос қолдасып, төс түйістірген, ал әйелдер болса, құшақ аяқастырған. Қос қолдап амандасып, төс қағыстыру «өмір тірегім – төсім, тіршілік көзім – екі қолым, амансау болам!» дегенді білдіреді. Ал енді осы сәлемдесуді балалар көрсетіп берсе.

2-жүргізуші:

Туған соң адам боп,

Білімсізден жаман жоқ.

Ел дәстүрін білмесең,

Жұрт айтады надан деп.

Кең даланы ежелгі.

Қазақ дейтін халқымыз,

Берік біздің салтымыз деп.

Келесі тұсау кесу рәсімін көрсетеміз.

Әже: Тұсау кесу – бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Әдетте, баланың туғанына 12-14 ай толғанда жасалады. Тұсау кесу тойының негізгі жабдықтары 1,5 метр ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ. Тұсау кесу тойына ауылдың қыз-келіншек, бәйбішелерді түгел шақырылады. Ет асылып, шай қайнатылады. Тойға келгендер шашуға құрт, май, тәтті тағамдар, балаға ойыншық, асық, сылдырмақ, т.б. әкеледі. Баланың шешесі шаруаға икемді, елгезек, пысық әйелдердің біріне қайшы мен жіпті ұстатып, баласының тұсауын кесуді ұсынады. Тұсау кесуші әйел жүре бастаған баланың аяғына ала жіппен тұсау салып жатып:

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Қадам бассан мәз болам.

Күрмеуінді шешейін,

Тұсауынды кесейін.

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Тақымыңды жаз, балам.

Қадамыңды қарайық,

Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз балам, жүре ғой,

Тай құлын боп шаба ғой.

Озып бәйге ала ғой,

Қаз баса ғой, қарағым,

Құтты болсын қадамың.

Өмірге аяқ баса бер,

Асулардан аса бер.

Жүгіре қойшы, құлыным,

Желбіресін тұлымың.

Елгезек бол, ерінбе,

Ілгері бас, шегінбе, - деп өлеңдете тұсау жіпті қайшымен қияды да, баланы 3-4 аттатады.

1-жүргізуші: Наурыз тойында салт-дәстүрлермен қатар ұлттық ойындар ойналады: қол күрес, қазақша күрес, алтыбақан, жамбы ату, теңге алу, арқан тарту. Енді қазір осы ойындардың ішінен «Қол күрес» пен «Арқан тартысты» ортаға көрсетейік.

1-ойын: «Қол күрес»

2-жүргізуші: Ойынымызды ары қарай жалғастырайық. Келесі ойын «Арқан тартыс» ойналады.

1-жүргізуші:

Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жол болар.

(Бата беріледі)

2-жүргізуші:

Ал, халайық, тұрмайық,

Әндетейік, шырқайық.

Ортамызды ашайық,

Думандатып би билеп.

Ән мен күйді төгілдіріп,

Інжу-маржан шашайық.

Жиналған жұрт таң қалсын,

Өнерден күмбез жасайық.

«Татар» биі орындалады.

1-жүргізуші:

Ән қосылсын әніне,

Сән қосылсын сәніне.

Ырысты боп жаңа жыл,

Бақ дарысын бәріңе.
Ой қосылып ойына,
Бой қосылсын бойына.
Аман-есен жетейік.

Келесі Наурыз тойына — деп бүгінгі Наурыз күніне арналған мерекемізді аяқтаймыз.

«Достық әні» орындалады.

2-жүргізуші: Енді сөз кезегі мектеп-интернатының директоры Ғалым ағайға беріледі.

Рания Файлқызы
ХАФИЗОВА,
Резида Файлқызы
ЮЛДАШЕВА,

№1 Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернатының тәрбиешілері.
Қызылорда қаласы

Алтын қақпа



Самал Тишбекқызы КЕНЖЕБЕКОВА,
«Абай негізгі орта мектеп» КММ
биология, бейнелеу пәні мұғалімі.
Ақтоғай ауданы,
Қарағанды облысы

Мақсаты: оқушыларға қазақ мәдениетінің бастаулары жайлы түсінік беру, оқушылардың салт дәстүр бойынша білім қабілеттерін тексеру, тапқырлықты дамыту, қабілетті және дарынды балаларды қолдау.

Түрі: ойын.

Әр сыныптан екі оқушыдан шығады.

Экранда ойынның бөлімдері жазылып тұрады.

1. «Тас қақпа»;
2. «Күміс қақпа»;
3. «Алтын қақпа»;

4. «Алтын сандық».

Жүргізуші: Еуразия құрылығының нақ жүрегіндегі шетсіз — шексіз, биік таулар мен далада, мың жылдық көлдер аралығында көшпенділер ортасында өзіндік ерекшелігі бар, табиғатты қадір тұтатын айырықша мәдениет өмірге келген.

Ол мәдениет моңғол мен түрік халықтары мәдениетінің қосындысынан пайда болып, кейінірек ислам және парсылық дүниетаным әсерімен байи түсті. Ол кезде қазіргі Қазақстан мемлекеті болмаған еді.

«Еркін» деген ұғымды білдіретін «қазақ» атауының өзі XIV-XV ғасырларда пайда болды. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Бүгінгі біздің «Алтын қақпа» ойынымыз осы Қазақстан мәдениетіне арналады. Ойын үш қақпадан тұрады.

«Тас қақпа», «Күміс қақпа», «Алтын қақпа» және «Алтын сандық».

Үш қақпаны ашқан адам «Алтын сандықтағы» сұраққа жауап беріп жеңімпаз атанады. Әр қақпаға жету үшін баршаңызға төмендегі сұрақтар беріледі.

Ойынымызды бастамас бұрын төрелік беретін әділ қазыларымызды сайлап алайық.

Жалпылама сұрақтар:

1) «Адамзат қоғамының шежіресі» деген не? (Адамзат қоғамының шежіресі – тарих);

2) XIX-XX ғасырларда өмір сүрген әнші сазгерлерді ата? (Жаяу Мұса, Ақан сері, Кенен Әзірбаев);

3) Қазақстан территориясында өмір сүрген ежелгі тайпаларды ата? (Сақтар, үйсіндер, ғұндар);

4) Қазақтың театр өнері тұңғыш рет қай жылы, қай қалада, қандай шығармадан басталды? (Қазақтың театр өнері 1926 жылы Қызылорда қаласында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» спектаклінен басталды);

5) «Ата қоныс» деген не? («Ата қоныс» ұғымы көшпенділер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының

кепілі және көршілес жатқан белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептеледі);

«Тас қақпа» сұрақтары:

1) Қазақтың ұлттық аспаптарын ата? (*Қобыз, сыбызғы, сазсырнай, жетіген, дабыл, асатаяқ, домбыра*)

2) Қазақтың ұлттық ойындарын ата? (*Көкпар, қыз қуу, асық ату*)

3) Оның есімі Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі. Оның шығармалары ағылшын, болгар, чех және басқа тілдерге аударылған. Ол – 100 жыл жасаған халық ақыны. Бұл кім? (*Жамбыл Жабаев*)

4) 13 жасында араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін меңгеріп, шығыс классиктерінің шығармаларын оқыған. Ақын қара сөздерінде діни-философиялық астар, халық даналығының бар тереңін көрсететін барша адамзатқа деген махаббаты айтылған. Бұл қай ақын? (*Абай Құнанбаев*)

5) Қалыңдықтың сүйір бұрышты, әсем безендірілген бас киімі? (*Сәукеле*)

6) XIV-XV ғасырдағы сәулет өнеріндегі ерекше туындыны ата? (*Ахмет Йассауи кесенесі*)

«Күміс қақпа» сұрақтары:

1) XX ғасырда Қазақстанның астанасы болған қалаларды ата? (*Орынбор, Қызылорда, Алматы, Ақмола*)

2) Қазақстан Республикасы 02.03.1992 жылы несімен әйгілі болды? (*БҰҰ-ға мүше болды*)

3) Қазақ тарихындағы тұңғыш көркем фильм қалай аталады? («Амангелді»)

4) Тәуке ханның заңдар жинағын ата? (*Жеті жарғы*)

5) Қазақтың әдет-ғұрыптық фольклорын ата? (*Жар-жар, сыңсу, жоқтау, бесік жыры, тойбастар*)

«Алтын қақпа» сұрақтары:

1) Тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін 2026 жылы қандай жыл? (Тәуелсіздіктің 35 жылдығы)

2) Ұлттық Құрылтай алғаш рет қай жылы қай жерде өтті? (*16.06.2022 ж. Ұлытауда*)

3) ҚР қай жылы «Халықаралық еріктілер жылы» болып жарияланды? (*2026 жыл*)

«Алтын сандық» сұрақтары:

1) Қолданбалы сән ескерткіштерінің бірегейі. Ол біздің күнімізге дейін жеткен көшпенділер сәулетінің үлгісі Жинақы, жеңіл, лезде жиналып қойылатын тұрғын үй. Бұл қандай үй? (Киіз үй)

2) Үш қазық, екі желі, тоғыз нөқта.

Үздігіп тербеледі адам соқса.

Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен

Не пайда үндемейді адам жоқта. (Домбыра)

Осымен «Алтын қақпа» ойынының жеңімпазын анықтау үшін сөзді әділ қазылар алқасына беремін.

Қорытынды, марапаттау.

Жүйрік болсаң, озып көр

Мақсаты: оқушылардың математикаға қызығушылығын, зейінін арттыру, сыныптың көшбасшысын анықтау; ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; оқушыларды белсенділікке, алғырлыққа баулу.

Мұғалім:

Уа, халайық, халайық,
Бәріңе жар салайық.
Бүгінгі кеш төрінде,
Математика елінде,
Есеп шешіп жарысып,
Жұмбақ шешіп андысып,

Шабыт тасып, шалқысып,
Көңілді кеш жасайық.

Мұнда қызық табылар,
Жұмбақ, есеп-бәрі бар.
Ал, сайыскер, балалар,
Білімдеріңді сынайық,
Балалардың ішінен
Ең жүйрігін табайық.

Мұғалім: Құрметті ұстаздар, оқушылар, сіздерді 3 «Ә» сыныбы оқушыларының арасында өтетін «Жүйрік болсаң, озып көр» атты танымдық сайысты көруге шақырамыз.

Сайыскерлерімізді таныстырып өтейін.

I кезең. «Қас қағым сәт».

- Алдымен өз ұяшықтарыңызды тандап аласыздар, 7 сұрақ беріледі, 1 минуттың ішінде нақты, әрі тез жауап берулеріңіз керек. Бұл кезеңде ең жоғарғы ұпай – 7 ұпай. Жауаптар санына қарай бағаланыздар. Әр кезең бойынша ұпайы төмен 1 оқушы сайыстан шығып отырады, ең соңында ең жүйрік оқушы қалуы тиіс. Олай болса, сайысымызды бастаймыз.

№1 ұяшық сұрақтары:

- Көбейтіндінің мәнін табу үшін қолданылатын амал қалай аталады?
- Жұп сандар дегеніміз не?
- Егер тырна бір аяғымен тұрса, 3 кг болады, ал екі аяғымен тұрса, оның салмағы қанша?
- Кез келген санды 1-ге бөлгенде не шығады?
- 5 км-де неше метр бар?
- Асханаға 100 кг пияз және одан 3 есе артық картоп әкелінді. Асханаға неше кг картоп әкелінді?
- 27-нің үштен бір бөлігі қанша?

№2 ұяшық сұрақтары:

- Көбейту мен бөлу өзара қандай амалдар?
- Тақ сандар дегеніміз не?
- 1т мақта ауыр ма, 10 центнер темір ауыр ма?
- Жақшасыз өрнекте алдымен қандай амалдар орындалады?
- Екі нүктенің арасындағы түзу.
- 1 метр неше сантиметрге тең?
- Үстел беті төртбұрышты, оның бір бұрышын арамен кесіп алсақ, неше бұрыш қалады?

№3 ұяшық сұрағы:

- Бөлудің компоненттерін ата.
- Ұзындықтың өлшем бірлігі.
- Мектепке келе жатқан 5 балаға қарсы жолда тағы 4 бала жолықты. Мектепке неше бала барды?
- Тіктөртбұрыштың периметрін қалай табамыз?
- Бұрыш түрлерін ата.
- 2 тәулікте неше сағат бар?
- Төрт қойдың неше аяғы бар?

№4 ұяшық сұрақтары:

- Көбейтудің компоненттерін ата.
- Екі адам 4 сағат шахмат ойнады. Олардың әрқайсысы неше сағат ойнады?
- 7 тоннада қанша кг бар?
- Көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін еске түсір.
- 18-дің жартысы нешеге тең?
- Шаршының ауданын қалай табамыз?
- Бөліндінің мәнін табу үшін қолданылатын амалды қалай атаймыз?

№5 ұяшық сұрақтары:

- Қалдық әрқашан бөлгіштен қандай болады?
- Бір нүктеден таралған екі сәуледен құралған фигура.
- Үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды?
- 4 сағатта қанша минут бар?
- Тіктөртбұрыштың ауданын қалай табамыз?
- 19-ның ширегін тап.
- Барлық қабырғалары тең тік төртбұрыш қалай аталады?

№6 ұяшық сұрақтары:

- Санның бестен бір бөлігін табу үшін не істейміз?
- Санды нөлге бөлуге болады ма?
- Қолда 10 саусақ болса, 10 қолда неше саусақ болады?
- 14-тің жартысы неше?
- Бота бар ақшасының жартысын жұмсағанда, өзінде қалғаны 50 теңге, Ботада қанша ақша болған?
- Сағат тілі тәулігіне неше рет тік бұрыш жасайды?
- 1 центнерде неше кг бар?

II кезең «Қызықты жұмбақтар».

№1. Ортаға әкеп тосты Оспан
Отыз жеті қаламды.

Тиді әркімге қос-қостан,

Балалардың бәрі алды.

Өзгелерден бір қалам

Артық тиді Күләшқа.

Береді айтып кім маған,

Неше жан бар класта? (19)

№2. Ағам бізді жинады,

Сегіз қолғап сыйлады.

Бірін кидік оң қолға,

Бірін кидік сол қолға.

Қамқор болған ағамыз

Біздер қанша баламыз.

Бес қауыннан тасыды.

Қабы болмай ал Талап

Қос қауыннан тасыды,

Осы ретпен сабылып,

Екеуі әбден шаршады.

Тасып алған қауынның

Қанша болды бар саны? (70 қауын)

№4. Портфелімде әуелі

Он үш жаңғақ бар еді.

Науат пенен Маратқа,

Самат пенен Сағатқа,

Апасына Қанаттын

Екі-екіден тараттым.

Қанша жаңғақ қалғанын,

Айта қойшы, ал, жаным! (3 жаңғақ)

№5. Бір топ бала тоғаннан

Он бес балық ұстадық.

Бөліскенде оларды,

Тиді әркімге үш балық.

Сынайын ал бір сені,

Бала саны қанша еді? (5 бала)

III кезең «Кім жүйрік?».

- Алдарыңыздағы есепті 3 минутта шығарып, жұмбақты шешіңіздер. Бірінші болған оқушы алдындағы геометриялық фигураны көтереді. Жоғары ұпай – 10 ұпай. Егер есепті бірінші болып шығарса – 10 ұпай, 2-болып шығарса – 9 ұпай, 3-болып шығарса – 8 ұпай алады.

IV кезең «Логика әлемінде».

№1. Теплоход айлақтан 8⁰⁰ сағатта шығып, 15⁰⁰-де келесі айлаққа жеткен. Егер жолда 2 рет тоқтап, ұзақтығы 35 минуттық екі үзіліс жасаса, ол жолға қанша уақыт жұмсаған?

(Жауабы: 5 сағат 50 минут жұмсаған)

№2. Сурет қандай геометриялық фигуралардан құралған? Қанша үшбұрыш, дөңгелек және шаршы салынған? (14 үшбұрыш, 8 дөңгелек, 1 шаршы)

Женімпаздарды анықтау.

Жазира СЕКСЕНБАЙ,
№123 Т. Жүргенов атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Жалағаш ауданы,
Қызылорда облысы

Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран!

Мақсаты: оқушыларға өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету, Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, Ауған соғысында опат болған рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Түрі: әңгімелесу, сұхбаттасу.

Көрнекілігі: слайд, нақыл сөздер.

Кездесу кештің барысы:

- Қайырлы күн құрметті де қымбатты қонақтар, ұстаздар мен оқушылар! «Патриот» айлық барысында «**Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран!**» атты тақырыбында кездесу кешін ашық деп жариялаймыз!

1-жүргізуші: 1979 жылы желтоқсан айында Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғанстан жеріне Кеңес әскерлерін енгізу туралы шешім қабылданды. Соғыс — зұлымдық. Жазықсыз төгілген қан. Тарих жылнамасынан өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұлматтың бірі — Ауған соғысы.

2-жүргізуші: 1989 жыл 15 ақпан — Кеңес әскерінің ақырғы легі Ауған елінен біржолата әкетілді. Өткеніміз ел есінде қалу жолында әр жыл-

дың 15 ақпан күні — Ауған соғысына қатысқандарды еске алу күні болып есептеледі. Бүгінгі күні

арамызда осынау алапат ойранға қатысып келген жерлестеріміз де аз емес. Олай болса бүгінгі кездесу сағатымыздың құрметті қонақтары — жауынгер-интернационалистерге қошемет көрсетейік.

(Қонақтармен таныстыру)

1-жүргізуші:

Дәл осынау жадыраңқы жай күні,

Болса дағы қай ғасырдың қай жылы

Боздақтарға басымды иіп бір минут,

Есіме алам сол бір апат қайғыны Ауған соғысында мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда асқар таудай болып жүрген ағаларымызға басымызды иіп тағзым етейік!

2-жүргізуші:

Арманына жете алмаған ұлын ойлап,

Ананың құрғамаған көзі жастан, - демекші, өмірінде естіп білмеген жерде ұлының қазаға ұшырағаны көптеген аналарымыздың көз жасының себепкері болды.

Әрине, уақыт өте, бейбіт өмір-



дің шуағы жарқыраған шақта, сол қаза болған асыл азаматтар халқының мәңгі есінде сақталып, бүгінде оларға ескерткіштер орнатылып, көше аттары беріліп, құрметке ие болуда.

1-жүргізуші:

Әрбір сарбаз елімнің боп тірегі,
Халқым аман болсыншы деп тіледі.

Егеменді ел болып етек жаптық,
Төбемізден көк байрақ желбіреді.

2-жүргізуші: «Қазақстан, алға!»
әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: «Ерлік – жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізіп, естеліктерін тындау – біз үшін бір ғанибет. Құрметті ағалар, сол бір сұрапыл соғыстың естеліктерін ортаға салып үзінді айтып берсеңіздер.

2-жүргізуші:

«Менің сұрағым маңызды»

(Оқушылар қоңаққа сұрақтар қояды)

(Әңгіме, сұхбат жүргізіледі)

Соғысқа шақырту алғанда қай жерде әскери борышыңызды өтеп жүр едіңіз?

1. Соғыс кезіндегі қиындықтарды айтып берсеңіз?



2. Ауған соғысына аттанар алдында соғыстың мақсат-мүддесі түсіндірілді ме?

3. Кеңес әскері Ауғанстан жерінен шығарылатынын естігенде қандай сезімде болдыңыздар?

4. Бүгінгі таңда елімізде 10000-ға жуық Ауған соғысының ардагерлері бар екен. Сіздер бір-біріңізбен майдандас ретінде хабарласып тұрасыздар ма?

5. Кейінгі ұрпаққа айтар тілектеріңіз?

1-жүргізуші: Оқушылар туындысына кезек берейік.

2-жүргізуші:

Өтер жылдар, артып тағы алыстап,
Тағдыр талай тауқыметін табыстар.

Өздеріңді жырлап өтер ұрпағың,

Ауғандағы азап шеккен арыстар, - деп ақын жырлағандай, өмір тоқтамады, ерлік өлмеді, замандарға жалғаса берді. Бұған дәлел бүгінгі ортамызда жүрген ауғандық жауынгерлеріміз, бейбіт өмірдегі жарқын істері, қоғамдық

жұмыстарға белсенділіктері, түрлі кәсіпті игерудегі ерен еңбектері.

Ендеше, ауғандық жауынгерлерді құттықтау үшін сөз мектебіміздің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Айнұр Жаңабайқызына беріледі. *(Сыйлығымызды табыс етеді)*

«Аманат» әні орындалады.

1-жүргізуші: Құрметті қонақтар, әрбір минуты қымбат мына заманда алтын уақыттарыңызды қиып, шақырғанымызға келгендеріңізге көп-көп рақмет! Оның өзі сіздердің антқа берік, жауапкершілігі жоғары адам екендіктеріңіздің дәлелі. Бұл кездесу оқушылар үшін үлкен тәр-

биелік мәні зор мағыналы іс-шара болды деп есептейміз. Бейбіт өмірдің баға жетпес бақытты күндерінде амандықпен дидаларласайық! Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

Естелік суретке түсу. (Қонақтарды құрметпен шығарып салу)

**Ұ. СҰЛТАНОВА,
Г. ШАМАРОВА,
М. Өтемісұлы атындағы
облыстық сауықтыру
мектеп-интернатының
тәрбиешілері.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы**

Қазақ қызының қайсар бейнесі

Қазақ ғалымы Шоқан Уалиханов: «Абылай заманы – қазақ батырларының дәуірі» деген екен. Өйткені, бұл дәуір қазақтар мен жоңғарлардың, қазақтар мен орыстардың тонаушылық шайқастарына толы кезең болды. Осы бір алмағайып заманда небір ел қорғаны батырлар туды. Солардың бірі – қобдалық «Көктемір» атанған 22 жасар Сапар Мәтенқызы болатын. Алғаш балаң қиялы бүр жарған, асқақ арманы арна тартқан көне мекен Елек, Ұлы Қобда өңірлерінде патша үкіметіне қарсы бағытталған көтеріліске белсене қатысқан Сапура Мәтенқызының 1775-1776 жылдардағы әскери қимылдары Е. Пугачев бастаған

көтерілістің жергілікті аумақтардағы жалғасы есебінде болды. Тіпті, Сапура бастаған 1775 жылғы Кіші жүздегі толқу Е. Пугачевтың тірі қалған жасақтары шаруалар соғысына жаңа өрлеу туғызғандығы оның қайсарлығын ғана емес, бірлесіп әрекет ете білген көреген, данышпандығын да көрсетеді. Қарсылық қимылдарын «Көрінбес», «Көктемір» немесе «Әулие» деген жанама аттармен белгілі болған тылсым күштермен байланыс жасаған Сапураның ерлігі мен әулиелігі тек жергілікті болыстарың ғана емес, патша өкіметінің де зәресін ұшырғаны белгілі. Деректерге қарағанда, оны тек заты әйел бір адам ғана көріп, тілдескен.



Осы жұмбақ тыс күшпен байланысқа түскен әйел адам халықты күресті тоқтатпауға шақырып, әртүрлі жолдармен үгіт жүргізеді. Ол туралы аңыз-әңгімелер ел арасына кеңінен тарайды. Аталған ғажайып, құдыретті күштердің қолдауымен ол халықты жаңа көтеріліске үндейді, Пугачевтің қайта оралатынына сендіреді. Бұл әйел адам қобдалық Сапура Мәтенқызы болатын.

Шаруалар мен қарапайым халықтың мұң-мұқтажын жоқтап жер мәселесін көтерген, ел еркіндігін аңсаған қарапайым қазақ қызының ерлігі сол уақытта біреуге мәлім болса, біреулерге дүлей «күштей» әсер етіп патшаның да мойындауына тура келген болатын.

Тек қазақ тарихында ғана емес, Ресей тарихында орын алған Сапураның ерлігі мен елдік қасиеттерін қазіргі таңда тарихшылар ғана білетін шығар. Бірақ, Сапура іспеттес батыр тұлғалардың Қобда жерінде ұлтын азат ету жолында ел тарихын мойнына алып, талай тосқауылға тұра

алатын ер жігіттей ерлігін жалпы жұртшылық біле бермейді.

Осы орайда, «Көрінбейтін Көктемір көтерілісінің» өкілі Сапура Мәтенқызының ерлігі туралы еңбекте батыр қыздың іс-қимылдарын дәлелдейтін тарихи деректер мен нақты архивтік материалдар көрініс табады.

«Көктемір» жалған ат еді,

Өзі еді шыққан ту ұстап.

Елемей қауіп қатерді,

Ел үшін іздеп ырыс бақ – деп қазақ поэзиясының классигі Изтай Мәмбетов жырлап өткендей. Аты аңызға айналған қазақтың қайсар қызы Сапура Мәтенқызына арнап №2 А.С. Пушкин атындағы қалалық кітапханада, №11 Құрашасай модельді кітапханамен бірігіп «Қазақ қызының қайсар бейнесі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты Сапура Мәтенқызының тарихи тұлғасын таныту, ерлік пен елжандылық құндылықтарын дәріптеу. Кітапханашы Нұрслу Ғалымжанқызы қысқаша Сапура Мәтенқызы туралы





мағлұмат берді. Шараға ақын, филолог-өлкетанушы Ақтөбе облыстық тарихи өлкетану музейінің Руханият танымдық-патриоттық клуб төрағасы Абдуллина Жібек Османғали-

лы бейнеролик көрсетіліп, кітапханашы Айша Асланқызы «Суретке қарап, мақалды тап» ойынын ойнатты. Ақтөбеміздің тұрақты «Қайырлы таң Ақтө-



қызы, ұлағатты ұстаз, ақын Серікбай Қайдасов шақырылды. Шара барысында Жібек Османғалиқызы Сапура Мәтенқызының ерлігін дәріптеп, тарихи тұлғасы туралы айта кетті және өз шығармашылығынан «Темірмен құрсауланған жұмбақ жан» өлеңін оқып берді. Серікбай Қайдасов Сапура Мәтенқызының тұлғасына ерекше тоқталып, Исламғали Бітік тарихшы, қор жетекшісі, көрінбейтін Көктемір

бе» сазды теледидар бағдарламасына шақырылып қонақтар толық сыр-сұхбат берді. Шараға көпсалалы «Болашақ» пен АЛТ колледждің студенттері қатысты.

Ж. НУРЫМГЕРЕЕВА,
№2 А.С. Пушкин атындағы
қалалық кітапхананың
менгерушісі.
Ақтөбе қаласы

Ұрпаққа өнеге болған ғасырдан асқан ғұмыр

22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-мен және «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі Ақтөбе облыстық филиалының ұйымдастыруымен 102 жастағы анаға сәлем беру дәстүрі бойынша өз шаңырағында «**Ұрпаққа өнеге болған ғасырдан асқан ғұмыр**» атты кездесу өтті.

1924 жылы 24 наурызда Шалқар ауданы, Бершүгір станциясында дүниеге келген Арип Алияш әже жалпы 11 құрсақ көтерген, қазіргі таңда 6 баласынан 28 немере, 49 шөбере, 6 шөпшек өсіріп өндірген аяулы ана. Әжеміз қазір 56 жастағы кіші қызының қолында тұрады, 6 баласы да зейнеткер. Әлияш анамыз өз өмірін бала тәрбиесіне арнаған.

Қария ақ батасын беріп, ақ жол тіледі. Оның әрбір сөзі жүректен шыққан шынайы тілек, мейірім мен жылулыққа толы аманат. Ана батасы – шаңырақтың берекесі, отбасының қорғаны, баланың ең үлкен демеуі.

Ананың ақ батасын алу – үлкен бақыт. Сол батамен қадамымыз нық, жолымыз ашық, болашағымыз жарқын болғай! Осындай әдемі кездесу



көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Багдагуль Аягановна
КАЛИЕВА,
«Қалалық
орталықтандырылған
кітапхана жүйесі»
КММ әдіскері.
Ақтөбе қаласы

Тағдырдан қашып құтыла алмайсың

Автор сөзі

Бұл шығарма – жай ғана бір кейіпкердің өмірі емес. Бұл – көптеген адамдардың ішкі әлемінің көрінісі. Кейде біз өз өмірімізді бақылауда ұстап тұрмыз деп ойлаймыз. Бірақ шын мәнінде, өмір бізді өз ағысымен алып кетеді. Бұл кітапта мен бір қарапайым оқушының тағдыры арқылы өмірдің ауыр шындықтарын, адам болмысының өзгеруін, және қиындықтың адамды қалай қалыптастыратынын көрсеткім келді. Бұл – қиял мен шындықтың арасындағы әңгіме. Мүмкін, сен де өзінді осы жерден табарсың.

Кіріспе

Адам өмірі – белгісіз жол. Біреулер үшін ол тегіс, біреулер үшін – бұралаң. Бірақ бір нәрсе анық: ешкім өз тағдырынан толық қашып құтыла алмайды. Бұл оқиға – дәл соның дәлелі.

I тарау: Көрінбейтін заңдылық

Кейде адам өз өмірін өзі таңдаймын деп ойлайды. Бірақ уақыт өте келе бір шындықты түсінеді: кейбір жолдар бізді, өзіміз таңдамай-ақ табады. Мен ол кезде небәрі он алты жастағы оқушы қыз едім. Жасым кішкентай болса да, ойымдағы сұрақтар тым үлкен болатын. Адамдар неге әр түрлі өмір сүреді? Неге біреу күліп жүріп бақытсыз, ал біреу жылап жүріп мықты болады? Мектептің дәлізінде жүргенде осыны көп ойлайтынмын. Тірі тіршілік иесінің жүзіне қарасаң – бәрі жақсы сияқты. Бірақ көздерінде бір

жасырын ауырлық бар сияқты көрінетін... Сол кезде менің түсінгенім: әр адамның ішінде ешкім көрмейтін өз әлемі мен бейнесі бар. Ал тағдыр... сол әлемге үнсіз әсер ететін күш сияқты еді.

Автор түйіні:

Бұл тарау арқылы оқырман бір нәрсені аңғарады: адам баласы ерте ме, кеш пе өмірдің терең сұрақтарына кезігеді. Тағдыр – тек сыртқы жағдай емес, ол ішкі сезіммен де байланысты құбылыс.

II тарау: Сынған тыныштық

Келесі күн әдеттегідей қарапайым басталғандай болып көрінді. Бірақ кей өзгерістер дәл осындай қарапайым күндердің тасасында тұрады. Сабак үстінде отырсам да, ойым алаң еді. Белгісіз бір мазасыздық көңілімді билеп алған. Үйге жеткенде, бірден өзгеше тыныштықты сезіндім.

Бұл – жай ғана тыныштық емес, ауыр үнсіздік болып кеткенін бірден байқаған едім... Анам терезе алдында отыр екен. Оның жүзінен бұрын байқалмаған шаршау мен мұңды аңғардым. Сол сәтте терезеге қараған жүзін маған бұрып:

- Әкең... бізбен бірге тұрмайды енді, - деді ол баяу ғана. Бұл сөздер менің ішкі әлемімді бір сәтте төңкеріп жіберді. Мен үн қатпадым. Себебі кей хабарды естігенде, сөздің өзі жүрегіңе артық салмақ салады. Сол күні мен балалық шақпен қоштастым. Бұрынғы алаңсыз күндер бір-ақ сәтте

жанымнан алыстап кеткендей болып көрінді...

Автор түйіні:

Өмірдің ең ауыр сәттері көбіне күтпеген жерден келеді. Бұл тарау – тұрақтылықтың бір мезетте бұзылуы адамды қалай өзгертетінін көрсетеді...

III тарау: Ішкі әлемнің құлдырауы

Уақыт өз ағысымен өтіп жатты. Алайда, менің ішкі дүнием өзгеріп бара жатқан еді. Күнделікті тіршілік жалғасқанымен, мен өзімді бөтен сезіндім. Күлкі, әңгіме бұрынғыдай әсер етпейтін. Ішкі кеңістігімде бір бос орын пайда болды. Оны ешқандай әңгіме де тіпті, еңсенді көтеріп жүру де толтыра алмады. Жақын жандарым бар болатын, бірақ олар менің күйімді, мұңымды, тіпті ішкі жан дүниемді толық ұға алмаған еді. Сол кезде жалғыздықтың не екенін өмірімде алғаш рет сезінгендей күйге түстім. Жаныңа жақын адамыңның жоқтығы ең ауыр соққылардың бірі, оны тек жоғалтқан адам ғана түсіне алады.

Автор түйіні:

Жалғыздық әрдайым физикалық жалғыз қалу емес. Кейде ол – жан дүниені ешкімнің түсінбеуінен туындайтын ауыр күй.

IV тарау: Таңдау мен тағдыр тартысы

Өмірдің шынайы салмағы біртіндеп иығыма түсе бастады. Кеше ғана ойсыз өткен күндер енді есепке толы уақытқа айналды. Үйдегі жағдай көзге көрінбесе де, жүрекке анық сезілетін. Анамның жүзі күн өткен сайын шаршаңқы тартып, мінез құлқы да

өзгеріп бара жатты. Оның әр қимылынан үнсіз күрес байқалатын. Мен бұл өзгерісті сырттай бақылап тұра алмадым. Кешкі ас үстінде ұзақ үнсіздік орнады. Тек ыдыс-аяқтың баяу шәудірілеген дыбысы ғана естіледі. Сол тыныштықты мен бұздым. Анамның жүзіне тура қарап:

- Ана, мен жұмыс істейін, - дедім байыппен. Анам бірден басын көтерді. Оның көзінде таңданыс пен алаңдаушылық қатар тұрды.

- Сенің міндетің – оқу, - деді ол жұмсақ, бірақ нық дауыспен.

- Бұл жаста сен өмірдің ауырлығын көтеруге тиіс емессің. Мен бір сәт ойланып қалдым. Бірақ ішімдегі шешім әлдеқашан қабылданған еді.

- Егер мен көмектеспесем, бәрі одан сайын қиындай түседі, - дедім баяу.

- Мен тек қарап отыра алмаймын. Анам терең күрсінді. Ол қарсы болғысы келді, бірақ жағдайдың шындығы оған мүмкіндік бермеді.

- Сен ерте есейіп барасың... - деді ол сыбырлап.

Бұл сөз менің жүрегіме ауыр батты, бірақ мен оны жоққа шығара алмадым. Сол күннен бастап менің өмірім жаңа өзеннің арнасына қарай бұрыла бастады. Бұл – балалық пен жауапкершіліктің арасындағы өткел еді.

Автор түйіні:

Бұл тарауда кейіпкердің ішкі өсуі көрінеді. Кейде өмір адамды өз жасынан ерте есейтеді. Таңдау сияқты көрінген шешімдер шын мәнінде жағдайдың ықпалымен туындайды...

V тарау: Ауырлықта шындалған жан

Алғашқы жұмыс күні есімде анық сақталды. Барлығы жат, бейтаныс болып көрінді... Адамдар, орын, талап – бәрі жаңа. Бірақ ең қиыны – сыртқы орта емес, өз ішімдегі күмән еді. «Шыдай аламын ба?» деген сұрақ қайта-қайта ойыма оралатын. Күндер өте келе шаршау денеге ғана емес, санаға да әсер етті. Сабак, жұмыс, үй – үшеуі бір-бірімен қабаттасып, уақытты тығыздата түсті. Кешкісі жұмыстан үйге оралсам анам күтіп отыр екен.

- Шаршадың ба? - деді ол баяулата түскен дыбыспен. Мен үнсіз жымыдым.

- Аздап, - дедім. Анам маған ұзақ қарады.

- Сенің орнында басқа біреу болса, әлдеқашан берілер еді, - деді, – Бірақ сен... басқашасың. Бұл сөз маған күш берді. Сол сәтте менің түсінгенім: қиындық тек ауыртпалық емес, ол болашаққа үміт артып шыңдалу мектебі.

Автор түйіні:

Сынақтар адамның шынайы мүмкіндігін ашады. Қиындыққа төтеп беру арқылы тұлға қалыптасады...

VI тарау. Кешіккен кездесу

Күздің салқын күні еді құдды бір жүрегімнің күйін сезгендей. Көшелерден өтіп келе жатып, кенеттен таныс бейнені бірден байқадым. Бұл – әкем еді.

Уақыт оны өзгерткен, бейнесі, жүрісі, тұрысы барлығы басқаша еді... Жүзінде бұрынғы сенімділік емес, ойлы мұң жатқандай болып көрінді. Ол да мені көрді. Бір сәтке уақыт

тоқтап, жүрегімнің қағысы тез соға бастады.

- Амансың ба, қызым? - деді байсалды түрмен.

- Сәлеметсіз бе, - дедім мен, салқын кейіп танытып. Әкем маған жақындады. Сөз бастауға батылы жетпей тұрғандай болып көрінді...

- Қалайсың? - деді ақыры. Мен қысқа ғана жауап бергім келді, бірақ ішімде жиналған ойлар мүмкіндік бермеді.

- Өзіңіз қалай ойлайсыз? - дедім байыппен.

Ол басын төменге түсіріп:

- Мен... сендерге ауыртпашылық қана әкелдім, сол үшін өкінемін. Бұл сөздерді есту оңай болмады. Бірақ мен бұрынғыдай ашуланған жоқпын.

- Кейбір әрекеттердің салдары ұзаққа созылады, - дедім сабырмен. Әкем үнсіз қалды. Сол үнсіздік – оның ең шынайы жауабы еді...

Автор түйіні:

Өткенмен кездесу әрдайым оңай емес. Бірақ ол адамға өзін түсінуге мүмкіндік береді.

VII тарау. Қашып құтылмас шындық

Үйге келген соң ұзақ ойға баттым. Егер... егер бәрі басқаша болғанда ше?

Егер әкем кетпегенде? Бірақ мұндай сұрақтардың нақты жауабы жоқ. Өмір «егер» дегенді қабылдамайды. Жазмыштан жалтару мүмкін емес. Ол – сенің өміріңнің ажырамас бөлігі. Бірақ оның әсерін қалай қабылдайтының – өз еркінде.

Автор түйіні:

Тағдыр өзгермесе де, оған деген

көзқарас өзгеруі мүмкін. Сол арқылы адам ішкі еркіндікке қол жеткізеді...

VIII тарау. Қабылдаудан туған тыныштық

Уақыт бәрін өз орнына қояды. Жара жазылады, іздер сол жараның бойында қалады. Ал із – естелік емес, тәжірибе. Мен өткенге басқаша қарай бастадым. Онда тек ауырлық емес, сабақ бар екенін түсіндім. Ертесі әкем тағы келді. Бұл жолы ол бұрынғыдан да салмақты болып көрінді.

- Мен... мен бәрін қайтадан бастағым келеді, мені кешіре аласыңдар ма? - деді анық әрі нық түрмен, – Бірақ бұл жолы дұрыс жасағым келеді, барлығын өзгерткім келеді. Өмірді қайтадан бастауға болмайды, бірақ басқаша жалғастыруға болатыны хақ.

Анам үнсіз тындап отырды.

- Сен өзгердің бе, бұл сенің нақты шешімің бе? - деді ол сабырмен.

Әкем бір сәт ойланып қалды.

- Бұрын мен өзімді ғана ойладым. Қазір... жоғалтқанымды түсіндім... Үнсіздік орнады. Бірақ бұл жолғы үнсіздік ауыр емес еді. Бұл – шешім алдындағы тыныштық болатын. Мен олардың арасында отырдым. Жүрегімде бұрынғыдай реніш жоқ.

- Әр адамға екінші мүмкіндік беріледі, - дедім жай ғана. Анам маған қарады. Сосын әкеме көз тастады.

- Бірақ ол мүмкіндік сеніммен бірге келеді, - деді ол. Өмір барлығына бірдей мүмкіндік береді, бірақ әлсіздерді қабылдамайды, - деді анам мұңлы бейнесімен. Әкем басын изеді.

- Мен соған дайынмын. Сол сәтте үйдің ішіндегі ауа өзгергендей болды. Бұл – үміттің қайта оралып, реніштерді ұмыту еді...

Автор түйіні:

Кешірім – өткенді өшіру емес, оған жаңа мағына беру. Қабылдау арқылы ғана адам шынайы тыныштық табады.

Қорытынды

Өмір – сынақ пен үміттің тоғысы. Кейде ауырлық әкелгенімен артында бір жарық жататыны анық. Бірақ әрбір сәт – мағынаға толы күйде өткізілуі керек. Күллі адамзат маңдайына жазылған тағдырынан қаша алмайды, бірақ жүрегінде сезіммен, өміріне иман келтіруімен Жаратқанының көмегімен бәрін жеңе алады.

Тағдыр – үкім емес. Ол – бағыт. Ал сол бағытта қалай жүру әркімнің өз таңдауында..

Автор сөзі:

Бұл оқиға арқылы мен бір нәрсені жеткізгім келді: адам қанша жерден құласа да, егер жүрегінде үміт пен түсіністік болса, ол қайта тұра алады. Тағдырдан қашу мүмкін емес шығар. Бірақ оны түсіну, қабылдау және онымен бірге өмір сүру – адамның өз қолында. Және ең бастысы – әрбір қараңғы жолдың соңында міндетті түрде жарық болады...

Амина БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
«Ғалым» мектебінің
8-сынып оқушысы.
Екібастұз қаласы,
Павлодар облысы



Нұрайым ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы республикалық мектеп-
интернаттың 10-сынып оқушысы
«Ділмар» үйірмесінің мүшесі.
Алматы қаласы

Асығыс ғасырда баяулықты іздеу

Мен әр нәрседен пәлсапа іздеймін. Әсіресе, адамдар көп жерде. Бұл – менің сүйікті ісім. Себебі, жұрттың жүріс-тұрысы, бет-әлпеті, тіпті ұсақ қимылдары – адам көңілінің картасы сияқты. Әр жүз – бір оқиға, әр қас-қабат – бір күй, әр тыныс – өмірдің әсемдігі.

Сол үшін метроға кірген сайын телефонға телмірмеймін, кітап ашпаймын, көз ілмеймін. Тек адамдарға үңіле қараймын. Кім қайда асығып барады? Кім өзімен өзі? Кім өткенге байланып қалған? Соларды тамашалап отырып, өзімді де оқимын.

Бір күні дәл осылай отырып, ойынға емес ойға түстім. Пойыз гүрілдеп келеді, интернет жоқ, бәрі өз әлемінде. Біреу экранды қайта-қайта түртеді – желіге тәуелді. Біреу кітап оқып, айналаға назар аудармайды – ойлы жан. Біреу галереясын ақтарып өткенді сағынады. Тіпті біреулер өз аяладамасына дейін көзімді жұма тұрайын деп мүлгіп те кеткен. Осы әткеншек әлемімді қарап отырып ішімде бір сұрақ оянды. «Осынша асыға сүрген өмірімізде біз баяулауды ұмытып алған жоқпыз ба?» Таңертең оянғаннан кешке дейінгі күніміз – «тез, тез, тез». Таңғы асыңды тез іш, автобустан қалып қойма, сабаққа үлгер, тапсырманы бітір, сторис сал, тез сөйле, тез жаз, тез ойлан. «Уақыт күтпейді» дейміз. Ал біз өзімізді күтіп көрдік пе?

Белгісіз дүниеге өзімізді күтпестен асыға береміз, асыға береміз. Асығыс ғасыр да бізге шексіз жылдамдығын сыйлауда: ақпарат, байланыс, технология. Бірақ жан тыныштығын бере алды ма? Себебі осы дүниелердің барлығы жүрекке мазасыздық жүктеп, салыстыруға итермелеп жатыр: «Басқалар не істеуде? Мен үлгеріп жатырмын ба? Мен қалып қалмауым керек...» Осы сансыз сұрақтарды санаңыздан бір сәтке алып шайды асықпай ішіп көріңізші. Кітапты бір бет емес, бір ой үшін оқып көріңіз. Жаңбырдың дыбысын тыңдаңыз. Адамның көзінен сөзсіз әңгіме оқыңыз. Телефонды өшіріп, тыныс алуыңызды тыңдаңыз. Бұлар – уақыт жоғалту емес, өмірді сезінудің жолдары. Сонда сіз өмірді ғана емес өзіңізді де сезінесіз. Осы ойды ойландым да қарама-қарсы ұйықтап жатқан бір жігітке қарап отырып өзіме осындай сұрақ қойдым. «Егер өмір – жүріп бара жатқан пойыз болса, мен әр станцияның атын байқап үлгеремін бе, әлде соңғы аялдамада ғана оянамын ба?» Мүмкін осы сұрақ сізді де ойландырар... Ал менің түйгенім жылдамдық тек прогресс үшін керек. Ал, баяулық жанды сақтап қалу үшін қажет. Екеуін тең ұстау – өнер. Меніңше, Баяулық – уақытты жоғалту емес, өмірді ұту. Ал асығыс адам ешқашан жеңімпаз болмайды, өйткені ол жолдағы сұлулықты көрмей өтеді.

Үнсіз ауыл

Арғы өзеннің жағасында бір ауыл,
Тыныштық пен үнсіздіктер мекені.
Сол ауылда айтылмаған сын ауыр,
Жұмбақ сезім, жұмбақ тағдыр жетеді.
Ақ парағы ашылмастан жабылған,
Бұл ауылда кездестірдім бөпені.
Тағдырының тайғағынан жаңылған,
Қол жұмсаған көрдім әлсіз көкені.
Көрдім және ақ жаулықты ананы,
Бар өмірін сәбиіне арнаған.
Таңғы шықтай мөлдіреген жанары,
Соңғы сөзі
«Аман болшы, жан балам!»
Бар өмірін арнау еткен қылжаққа,
Ханды көрдім аттап кеткен арынан.
Бірақ бәрі теңеседі бұл жақта,
Кедей болсын, бай да болсын бағлан.
Жыр естідім, бұл маңайдан ескірген,
Құлай сүйген ғашықтардың сұрағы.
Мұң естідім, қайталанбас ешкімнен,
Үнсіз ауыл шексіздіктің тұрағы.

**Нұрайым ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы республикалық
мектеп- интернаттың
10-сынып оқушысы
«Ділмар» үйірмесінің мүшесі.
Алматы қаласы**





Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

*Қиып алыңыз да,
жазылыңыз!*

Индекс 75489

		Басылым индексі															
		АБОНЕМЕНТ															
Мектептегі мерекелер		75489															
		Комплекті саны															
2026 жылға, айлары																	
<table border="1"><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																	
қайда																	
(почта индексі)		(мекен-жайы)															
кімге		(аты, жөні)															
		Тасымалдау карточкасы															
		75489															
		Басылым индексі															
		ПВ орны															
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	...тиын	комплекті саны													
		...теңге	...тиын														
2026 жылға, айлары																	
<table border="1"><tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td></tr></table>						1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12						
қайда																	
(почта индексі)		(мекен-жайы)															
		(аты, жөні)															



Индекс 75489



050036, Алматы қаласы, Мамыр-2 ы/а, 13-7. Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.